ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СЕЙСЕНБІ
№109 (3966)
27.07.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ӨҢІРАРАЛЫҚ ФОРУМ – ТИІМДІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Қазақстан Президенті Ресейдің Астрахан облысының губернаторы Игорь Бабушкинді қабылдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы стратегиялық және одақтастық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын және екі ел өңірлерінің ықпалдастығы кеңейе түскенін атап өтті. Осы ретте Өңіраралық ынтымақтастық форумы тиімді диалог алаңына айналып отыр.

Қазір Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қазақстанның өзге де облыстары Астрахан облысымен көптеген бағыт бойынша өзара тиімді кооперацияны жүзеге асырып жатыр. Экономикалық белсенділіктің жаңғыруына орай шекара маңындағы сауда қарқыны біртіндеп қайта қалпына келіп жатқаны байқалады.

Қазақстан мен Астрахан облысының арасын негізгі байланыстырушы ретінде Ресей бойынша ең көп тұратын сол жердегі қазақ диаспорасы маңызды рөл атқарып отыр.

Президент Астрахан қазақтарының тарихи Отанымен рухани байланыстарын нығайтуына, атабабаларының тілі мен мәдениетін сақтауына жан-жақты қолдау көрсетіп жатқаны үшін Игорь Бабушкинге ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы қазақ халқының Бөкей хан, Құрманғазы, Дина Нұрпейісова және басқа да ұлы перзенттерінің есімін Астрахан жерінде ұлықтап келе жатқаны үшін аймақ әкімшілігі мен тұрғындарына алғыс айтты.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ҮЛЕСІ ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы «Эни С.п.А.» компаниясының атқарушы директоры Клаудио Дескальциді қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында Қашаған және Қарашығанақ ірі мұнай-газ жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі жоспар қарастырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа жалғасып жатқан пандемия жағдайына қарамастан, Қашағандағы қазіргі жобалардың іске асырылу қарқыны сақталып отырғаны туралы баяндалды.

Клаудио Дескальцидің айтуынша, мұнай өндіру ісін арттыру жөнінде бірқатар маңызды инвестициялық шешім қабылданған. Консорциум Қашаған кен орнын толыққанды игерудің тұжырымдамасын әзірлеп жатыр. Сондай-ақ газ өңдеу қуатын күшейту жұмыстары жалғасып жатыр.

Мемлекет басшысы энергетикалық бағыттағы инвестициялық жобаларды одан әрі жүзеге асыруға Қазақстанның баса мән беретінін айтты. Осы ретте, Президент отандық өнім үлесінің жоғары болуын қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, әңгімелесу барысында жер қойнауын игеру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және жасыл энергетика саласындағы жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ: саяси жаңғырудың жаңа кезеңі

Өткен жексенбі күні елдің саяси өміріндегі елеулі оқиғаға куә болдық. 25 шілдеде алғаш рет елімізде ауыл әкімдерінің сайлауы өтті. Сөйтіп, Қазақстан қоғамы 2024 жылға дейін жалғасатын әрі уақыты келгенде ұдайы ұйымдастырылып отыратын жергілікті әкімдерді сайлау кезеңіне өтті. Биыл алғашқы 730 ауыл әкімін бұқара тікелей дауыс беру арқылы сайлады.

Негізі, кез келген мемлекеттің XXI ғасырдың бәсекесіне төтеп беретіндей деңгейде дамуына әсер ететін бірқатар фактор бар. Әрине, экономиканы дамытып, халықтың әл-ауқатын түзеу кезек күттірмейтін іс екені белгілі. Дегенмен бұқараның мемлекеттік басқаруға тікелей араласуы, елде наным-сенім мен сөз бостандығының, адам құқығының, соның ішінде сайлау және сайлану құқығының сақталуы тәрізді мәселелер өзекті екені сөзсіз. Өйткені ағылшын саясаткері Уинстон Черчилльдің сөзімен айтсақ, адамзат бүгінге дейін ойлап тапқан жүйелерінің ішінде демократиядан тәуір ештеңе жоқ. Ал демократиялық қоғам құру – бір күннің ісі емес. Содан да шығар, кезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та «алдымен экономика, содан соң саясат» дейтін ұстанымның дұрыс екенін жиі айтатын. Әрі елді демократияландыру үрдісін тежеген емес. Кезең-кезеңімен саяси реформаларды жүргізе отырып, осынау қадамға алып келді. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдер сайлауын елдегі саяси реформалардың жүйелі әрі батыл жалғасуын қамтамасыз етіп, «Қазақстан-2050» Стратегиясында межеленген басымдықты жүзеге асыруды бастады. Мұны ауыл әкімдерін сайлаудың саяси іргетасы, алғышарты ретінде бағалауға болады.

(Жалғасы 2-бетте)

Шетелден пәтер алғыңыз келе ме?

Қазақстандықтар шетелдік жылжымайтын мүлікке жаппай ақша салып жатыр. Бай қазақтар Сингапур, Ұлыбритания, АҚШ пен Дубай нарығын емін-еркін игеруде. Ал өзгелері, әсіресе әншілер мен блогерлер Испания, Түркия, Грузия, Ресейден қаптатып пәтер алып жатыр. Сөйтіп, олар осы елдердегі баспана бағасының шарықтауына ықпал етіпті. Біз жатжұрттық тұрғын үй нарығынан үлес алған отандастарымыздың пікіріне құлақ түрдік. Неге олар өзіміздің емес, өзге елдің экономикасына инвестиция құюды ұйғарды? Одан не ұтты, неден ұтылды? Жауап іздеп көрелік.

6 ▸▸

Қазір қоржынымызда үш қола

Көптен бері көңілді алаңдатқан Токио Олимпиадасы басталып та кетті. Жұма күні жергілікті уақыт 20.00-де XXXII жазғы Олимпиада ойындары салтанатты жағдайда ашылды. Әлемнің спорт саңлақтары қатарында Қазақстан құрамасы 41-ші болып өткен кезде елімізден барған санаулы ғана делегат пен журналистер қол бұлғап тұрды. 206 мемлекеттің 6 000 атлеті қатысқан шеруде Қазақстан Туын боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакова ұстап шықты.

8 ▸▸



Серік ШӘПКЕНОВ,
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

Азаматтарды әлеуметтік қолдау – қашанда бірінші орындағы міндет

Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылда Қазақстан билігі халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесін ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Еңбеккерлердің жалақысы, зейнеткерлердің зейнетақысы, студенттердің шәкіртақысы мен түрлі жәрдемақылар, төлемдер кезең-кезеңімен өсіріліп, ерекше қажеттілігі бар азаматтар мен әлеуметтік әлсіз топтардың өкілдеріне мемлекет ұдайы қамқорлық жасап келеді.

4 ▸▸

Сақалды құрылыстың саны көп

Әлемдік пандемия ел экономикасына ауыр соққаны жасырын емес. Әсіресе, құрылыс саласын қос бүйірден қысқандай. Олай дейтініміз, Жамбыл облысында құрылыс нысандары уақытынан кешеуілдеуі былай тұрсын, біраз жобалар бойынша мердігерлер конкурсқа түсуге құлықты емес. Оған себеп – құрылыс материалдарының қымбаттап кетуі. Ал былтыр жоба жеңімпаздары атанған серіктестіктер мектеп құрылыстарын мерзімінде бітіре алмай, зар жылап отыр.

КӨП ЖЕРДЕ КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ ЖАСАЛҒАН

Ең әуелі көзге анық көрініп тұрған нақты фактілерге тоқталсақ. Тараз қаласындағы Төле би даңғылы бойындағы Мектептен тыс жұмыс және балалар шығармашылығы орталығының құрылысын «ТаразҚұрылысИнвест» ЖШС былтыр шілде айында бастаған. Жоспар бойынша нысан қыркүйек айында пайдалануға берілуі тиіс болатын. Алайда мұндағы жұмыс көңіл көншітпейді. Себебі құрылыс жұмыстары бірінші қабаттан аспай, тоқтап қалған. Мердігер қаржылық қиындыққа тап болғаннан кейін бетон плиталарға тапсырыс бере алмаған. Нәтижесінде, қыркүйекте балаларды қарсы алады деген ғимараттың құр қаңқасы тұр.

Дәл сондай №2 мектептің құрылысы да былтыр басталған. Мердігер «Талас құрылыс» ЖШС жоспарлы жұмысты 75-80 пайызға аяқтадық дегенімен көп нәрсе көзбояушылықпен жасалған. Мәселен, мектеп бөлмелері стандартқа сай емес. Асханасы да ыңғайсыз орналасқан. Жоғары қабаттарындағы жарық пен жылу жүйелері дәліздің төбесімен жүргізілген. Бұл қолайсыздық тудырып ғана қоймай, оқушыларға қауіп төндіріп отыр. Бір сөзбен айтқанда, жобалауда көп кемшілік кетіп, мердігер әйтеуір «бітірдім» дей салған.

(Жалғасы 7-бетте)

Жергілікті билік жүйесін дамыту неге маңызды?

Демократиялық елдердің бірденбір белгісі – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің кең дамуы. Аймақтардағы азаматтар әрбір мәселе бойынша орталықтың бұйрығын күтпейді, өздері сайлаған өкілдер арқылы түйткілдерді жылдам шешуге тырысады. Алайда осы бір қарапайым формула көп жерде нәтиже бермейді. Нақтырақ айтса, кейбір елдер формуланың нәтижесіне қол жеткізе алмайды. Себеп неде?

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Жалпы, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің классикалық моделі қарапайым. Өңірдегі жұрт өз өкілдерін жергілікті заң шығарушы органға, біздіңше мәслихатқа сайлайды. Ал өкілдер, яғни депутаттар электорат атынан өкілдік етіп, шешім шығару құқығына ие болады. Жергілікті заң шығару органы өзінің жиындарында аймақты басқару, дамыту бойынша дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Аталған шешімдерді жергілікті атқарушы орган, біздіңше әкімдік жүзеге асырады. Сондай-ақ азаматтар атқарушы органның басшысын (әкім, мәр, губернатор) да сайлай алады.

Ал енді бұл жүйені жетілдірудің маңызы қанша? Біз секілді унитарлы елдерге аймақтағы билік жүйесін дамытқан дұрыс па? Неге бір орталықтан барлық шешімді шығарып, өңірлер оны жүзеге асыра бермеске? Неге әкім атаулыны орталықтан тағайындап отыра бермейміз? Оларды сайлау қажет пе? Ал енді осы сан сауалды жіктеп, жауабын табуға тырысайық.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің артықшылығы аз емес. Біріншіден, бұл аймақтағы халықтың саяси белсенді болуына, қабылданатын шешімдерге араласуына, сол арқылы ортақ жауапкершілікті алуына итермелейтін механизм. Азаматтар өз өкілдерін, әкім, мәрін сайлап, оларды бақылап, талап-тілектерін айтып, қоғамдық процеске белсене араласады. Бұл маңызды ма? Әрине, өйткені мемлекет өмірінен тыс қалған адам өзінің базалық құқығын пайдаланудан да шет қалады. Оған қоса, қоғамдық процеске араласпаған кісінің саяси, әлеуметтік көзқарастары да әдетте тұрақсыз болады. Ондай адамды түрлі фейк ақпарат арқылы манипуляциялау оңай. Оны пандемия сан рет дәлелдеп берді.

Екіншіден, билік үнемі халықтың бақылауында болады. Қалайша? Ауыл, аудан, провинция, губерния басшысын халық сайласа, оның қаншалық тиімді, сауатты, белсенді қызмет еткенін тұрғындар өзі бағалайды. Себебі келесі сайлауда басшы өз орнында қалу үшін тағы да электораттың қолдауына ие болуы тиіс. Ал егер басшы орталықтан тағайындалатын болса, онда халықтың пікірі, қолдауы, талап-тілегі оған аса маңызды емес. Себебі оған баға беретін, тағайындап, қызметінен алатын орталық орган.

Үшіншіден, өңірдегі электораттың жергілікті билікті өзі сайлауы елдегі сыбайлас жемқорлықтың азаюына ықпал етеді. Қалайша? Жергілікті атқарушы билік басшыларын (әкім, мәр, губернатор) орталықтан тағайындау қашанда жемқорлық тәуекелін жоғары етеді. Өйткені майлы орынға ұмтылатын үміткерлер аз емес. Өзгелерді басып оза шығу үшін пара беру, басқа да заңсыз әрекеттерге баратындар табылады. Әкімнің орнын пәленше мың долларға сатып алыпты деген ел арасындағы гу-гу әңгіме осыдан шығады. Ал егер сол әкімді жергілікті халық сайласа, онда жоғарыдағы жемқорлық жүйесі тыйылады. Өйткені кандидаттар электорат кімге дауыс беретінін білмейді, кім көп дауыс жиса, сайлауда сол жеңімпаз. Ол үшін елдің көңілінен шығу керек. Ал барлық дауыс берушіні парамен сатып ала алмайсың.

Төртіншіден, жергілікті биліктің дамуы қаржының, табыстың әділ бөлінуіне ықпал етеді. Аймақтардың салығы унитарлы республикаларда ортақ қазынаға құйылатыны, кейін өңірлерге тең бөлінетіні мәлім. Алайда республикалық бюджетке көбірек табыс әкелетін аймақтар өз табысына қол жеткізе алмайтынына налиды. Мысалы, еліміздің Атырау, Маңғыстау облыстары газ, мұнайлы өңір есептеліп, мұнай компанияларынан көбірек салық жинайды. Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары да донор саналады. Тек Алматы шаһары 2019 жылы республикалық бюджетке 115 млрд теңге құйды. Бірақ донорлардың бюджеті өзгелердікімен тең. Есесіне, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары еліміздің дотациялық өңірлері саналады. Тек Түркістан облысы 2019 жылы республикалық бюджеттен 420 млрд теңге көмек алған. Ал енді бұл облысқа тағы 3,6 трлн теңге жұмсамақ. Әрине, қаражат бөлінісінде оңтүстік өңірдегі халықтың көптігі мен тығыз орналасқанын да ескерген жөн. Бірақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дамыса, табыстың басым бөлігі жергілікті бюджетте қалады. Бұл сол аймақтың өркендеуіне оң ықпал ететіні мәлім.

Бесіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әлеуметтік саланың, адами капиталдың дамуына да әсер етеді. Қалай дерсіз? Бүгінде отандық бюрократиялық жүйедегі ең негізгі мәселенің бірі – командалық көші-қон. Басқа облыстан не орталықтан келген әкімдер өздерімен бірге өзіне сенімді деген бірнеше маманды қоса әкеледі. Сәйкесінше, оларға жұмыс орнын табу үшін жергілікті кадрлар қызметінен босатылады. Бұл мемлекеттік қызметтегі сабақтастықты, ішкі жүйені бұзатыны анық. Оған қоса, сырттан келген мамандардың өңірді жылдам зерттеп, бірден тиімді жұмыс істеп кетуі оңай емес. Ал егер жергілікті басқару органдарының басшылары сайланса, онда «кадрлық көші-қон» азаяды. Жергілікті мамандардың тұрақты қызмет етуіне жағдай жасалады. Сапалы мамандар меритократия принципімен жоғарылайды.

Әрине, кез келген процестің өз тәуекелі болады. Сондай-ақ жергілікті билікке көбірек мүмкіндік, құқық берудің де кемшін тұстары болуы мүмкін. Қандай? Ең алғашқы тәуекел – жергілікті трайбализмнің дамуы. Бұл көптеген елдерге тән қасиет. Ру, тайпа, әулиет, ұлт, қала, мекендерге бөліну көптеген халықтарға тән. Сондықтан жергілікті билік органдарына сайлау барысында электорат кандидаттардың шығу тегіне көп мән беретінін жоққа шығара алмаймыз. Трайбализм – Қазақстан жағдайындағы реалистік проблема. Ол аймақтардағы сайлау нәтижесіне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан бұл факторды жоққа шығара алмаймыз. Алайда трайбализм уақытша құбылыс деуге болады. Неге уақытша? Бастапқы кезеңде тұрғындар адамның руына, шыққан тегіне қарап, дауыс беруі мүмкін, бірақ ондай басшылар көңілден шықпаса, ауызы күйген үрлеп ішеді, онда 2-3 сайлаудан кейін азаматтар үміткерлердің кәсіби қабілетін бағалай бастайды.

Келесі қатер – жергілікті жемқорлықтың өршуі. Егер жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі дамытылса, онда аймақтарға тек таңдау құқығы емес, өңірлердегі ресурстарды басқару мүмкіндігі де қоса беріледі. Яғни, бюджетті, субсидияларды, гранттарды, басқа да қаржылай-материалдық ресурстарды үлестіру мүмкіндігі өңірлерге көшеді. Бұл бастапқы кезеңде сыбайлас жемқорлықтың артуына жағдай жасауы мүмкін. Себебі бұған дейін бұл құқық орталықта болды. Оған қоса, егер бір кандидат мемлекеттік органға тұрақты түрде сайланып отырса, ондай адамның да жемқорлыққа жол беру тәуекелі бар. Өйткені оны бұрынғыдай орталық қадағалай алмайды.

Иә, кез келген бастаманың екі тұсы болады. Бірақ қалай десек те, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің артықшылығы, халыққа пайдасы мол. Ең маңыздысының бірі – халық өз аймағы, тағдыры үшін жауапкершілік алады. Шешім жылдам қабылданады, әр ұсақ мәселе бойынша орталықтың рұқсатын, бұйрығын күтіп отырмайды.

Қазақ тарихында да әр аймақтың рулары өз биін, батырын, болысын сайлап, мәселесін шешіп отырған. Бұл да ұлтымызға тән жергілікті басқару жүйесі еді. Енді оны кәсіби деңгейге шығаратын кез келді.

Ауыл әкімдерін сайлау: саяси жаңғырудың жаңа кезеңі

(Басы 1-бетте)

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫМЕН ҮНДЕС БАСТАМА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылы жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында басқаруды орталықсыздандырудың маңызды екенін атап өткен еді. «Қоғам және азаматтар мемлекеттік шешімдер қабылдау процесі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек» деген болатын Нұрсұлтан Назарбаев. Сөйтіп, ауыл әкімдерін сайлаудың маңызды екенін атап өткен еді. Тіпті, мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу бастамасы да көтерілген. Сол жылдары мәслихат арқылы 2 533 әкім сайланатыны да айтылған. Осылайша, Нұрсұлтан Назарбаев елдегі экономикалық ахуал түзеліп, Қазақстан тұрақты даму жолына түскен соң бірте-бірте саяси реформалар жасау уақыты келгенін де байқатқан. Ал «Қазақстан-2050» стратегиясына «Мемлекеттілікті одан әрмен нығайту үшін демократияны дамыту» дейтін арнайы басым бағыт енгізілді. Кейін, дәлірек айтқанда 2017 жылы Президенттің бірқатар құзыреті Парламент пен Үкіметке берілді. Елбасының тікелей Жарлығымен жүзеге асырылған конституциялық реформалар осылайша елдегі демократиялық үрдістерді тереңдете түскен еді. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан ауыл әкімдерін сайлау мәселесіне ұзақ даярлықпен келді. Алдымен жоғары билік эшалонындағы жауапкершілік бөлінді. Президенттік институт сақталғанымен, Үкіметтің де, Парламенттің де жауапкершілігі күшейтілді. Кейін Елбасы өзгеше үлгідегі билік транзитін ұйымдастырып, жалпыхалықтық сайлау нәтижесінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент болып сайланғаны мәлім. Ал елді демократияландыру бағытындағы реформаларды Президент Қ.Тоқаев жалғастырды.

САЯСИ РЕФОРМАЛАР БІР КҮНДЕ ЖАСАЛМАЙДЫ

Әрине, әсіреқызыл сөзге құмар, қоғам бір күнде өзгере салуы тиіс деп ойлайтын белсенділер Қазақстанда ауыл түгілі облыс, республикалық қала әкімдерінің де сайланып, биліктің мүлдем орталықсызданғанын қалайтын кездері болады. Сырт көзге жағымды ұсыныс болғанымен, мұндай ұрандар популистік бастамадан басқа ештеңе емес. Өйткені бүгінде біз тамсанып жүрген батыс елдеріндегі демократияның өзі ұзақ жылдардың жемісі. Ал өзгелер жүздеген жылда жүріп өткен жолды ширек ғасырда өтпедік деу қисынсыз болар еді. Әрі әр халықтың өз танымы, мәдениеті, өмір сүру жағдайы мен елдің географиялық орналасуы, аймақтың геосаяси жағдайы деген болады. Бұлардың барлығы ескерілмесе, демократияның соңы охлократияға ұласып кетуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан билігінің ұстанымын көптеген сарапшылар дұрыс деп бағалайды. Президент Қ.Тоқаев та «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында саяси реформалардың асығыс жасалмауы керек екенін атап өткені бар.

«Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз» деген еді Президент. Сонымен бірге саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайтынын айтқан. «Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық» деп жазған болатын Мемлекет басшысы. Мұның өзі ауыл әкімдерін сайлау деңгейіне жету үшін қоғамды даярлау, нормативтік базаны қалыптастыру, тіпті елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды төмендетпеу, мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс мәселелерді түбегейлі реттеу тәрізді түрлі сатылардан өту қажет болғанын көрсетіп отыр. Ал 25 шілдеде өткен сайлау алдын ала ойластырылған, жан-жақты сараланған бастаманың нақты жүзеге асуының бастамасы. Саясаттанушы Расул Жұмалы Aiqyn газеті тілшісіне берген сұхбатында мұны сонымен бірге демократияның нығайту жолындағы тың қадам ретінде бағалады. «Әкімдерді сайлау – халықтық демократияны нығайту бағытындағы тың қадам. Сонымен бірге бұл жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру тұрғысындағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған бастаманың өмірге жолдама алғанының нақты көрінісі. Елбасы тұсында басталған Қазақстанның демократиялық дамуы тоқырап, тоқтап қалған жоқ. Елде қазір осы бағытта қарқынды реформалар жүруде. Оның бір бағыты және жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдірудің нақты қадамы – ауыл мен ауылдық округ әкімдерін сайлау», – деді Р.Жұмалы.

Ал әкімдер сайлауымен Президенттің көмекшісі Ерлан Қарин жергілікті мемлекеттік басқарудағы институционалдық өзгеріс басталғанын айтты. «Біріншіден, бұл сайлау жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінде елеулі институционалдық өзгерістерді бастады. Олар келешекте мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасын байыппен айқындайтын сапалы жаңа ортаның негізін қалайды. Екіншіден, бейбіт жиындар туралы жаңа заңды қабылдаумен, сайлау және саяси партиялар туралы заңнаманы жетілдірумен қатар, әкімдердің тікелей сайланбалылығын енгізу қазақстандықтардың саяси мәдениеті мен саяси белсенділігін арттыруға ықпал етеді», – деді Ерлан Қарин.

Жалпы, ауыл әкімдерін сайлау жауапкершілік жүгін биліктің түрлі деңгейінде жүйелі бөлісуді қамтамасыз етіп, әлеуметтік-экономикалық реформалардың тиянақты жүзеге асырылуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұқараның билікке деген сенімі де нығая түспек. Әрине, одан бөлек сайлау мәдениетінің қалыптасуына, саяси немқұрайдылықтан құтылуға ықпал ететін жанама әсерлері де болатынын ескеру қажет. Ең бастысы, іскер азаматтардың әкім болып сайлануы жергілікті жердегі мәселелерді дұрыс шешуге ықпал етеді. Өйткені халықтың сенімінен құнды дүние жоқ. Сенімді ақтамау саяси һәм азамат ретіндегі беделді жоятын қадам. Мұны әкім болып сайланған азаматтар жақсы білсе керек.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА АЛҒАШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Әлемде қала мәрлерін, елді мекен басшыларын, шерифтерді сайлау тәрізді биліктің ең төменгі эшалонындағы басшыларды бұқараның тікелей сайлап алу дәстүрі ондаған жылдардан бері бар. Көрші Ресейде де губернаторларды сайлап жатады. Түбі бір түркітілдес елдердің ішінде Түркияда әкімдерді сайлау қызу өтеді. Бірақ Орталық Азияда мемлекеттік басқарудың ең төменгі сатысында сайлау ұйымдастыру болған емес. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан тағы да озық үлгі көрсетті. Әрине, ел тарихындағы елеулі оқиғаның артықшылығы, сайланған әкімдердің үмітті қаншалықты ақтайтыны бөлек әрі бүгін-ертең белгілі бола қоя қоймайтын әңгіме. Алайда шығыстың дүниетанымдағы әрі ұзақ жыл бойы мемлекеттілігінен айырылып, тек 30 жыл бұрын ғана қайтадан ел бола білген халықтар үшін таңсық дүние екені анық. Дегенмен Қазақстан билігінің ұзақмерзімді стратегиялық жоспарларды жүйелі жүзеге асыруының нәтижесінде қоғам әкім сайлауына біршама даярланды. Бәлкім содан да шығар, дауыс берушілердің белсенділігі жоғары болды. Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары Алуа Жолдыбалина масс-медиа өкілдеріне берген сұхбатында осы жағдайды айрықша атап өтті. «Сайлауға жұрттың қатысу деңгейі жоғары болды. 90 пайызға дейін жеткен өңірлер бар. Ең төмен көрсеткіштің өзі 75 пайыздың айналасында. Осылай болатыны болжанды да. Өйткені Парламент сайлауында да, Президент сайлауында да ауыл халқы қалалықтарға қарағанда өте жоғары деңгейде қатысады. Байқаушылардың мәліметі бойынша, сайлау кезінде сондай бір өрескел заң бұзу тіркелмеген. Сондай-ақ қандай да бір арандатуға бағытталған әрекеттер, жалған ақпарат тарату болған жоқ. Осының бәрін ескеретін болсақ, әкім сайлауының алғашқы кезеңі сәтті өтті деп айтуға болады», – деді А.Жолдыбалина.

Айтпақшы, ауыл әкімдерін сайлауда Қазақстан билігінің ұзақмерзімді жоспарларының тағы бір нақты орындала бастағаны байқалды. Ол – әйелдердің белсенділік танытуы. Қоғамдағы әйелдің рөлін арттыру, оларды мемлекеттік басқаруға тарту, мүмкіндіктерін пайдалануды көздеген Елбасының саясаты да нәтиже беріп жатыр. Президент Қ.Тоқаевтың саяси реформалар пакетінің ішінде саяси үрдістерге әйелдер мен жастарды тартуды көздеген ұстанымының да жеміс бере бастаған тұсы – осы. Былтыр «Nur Otan» партиясының праймеризінде саясатқа әйелдер мен жастарды белсенді тартуға барынша көңіл бөлінсе, осы жолы ауыл азаматтары «қамшы салдырған» жоқ. Әрі партиялық тізімге әйелдер мен жастарға арналған квота енгізу Мәжіліс пен мәслихат сайлауына ғана қатысты еді. Әкім сайлауында мұндай шарт жоқ. Дегенмен осы жолы аты ұсынылған азаматтардың ішінде әйелдер аз болған жоқ. Алуа Жолдыбалина әйелдер үлесі бірқатар облыстарда 30 пайызға жеткенін айтады. «Мысалы, Мәжіліс сайлауына үміткерлерді ұсыну тәртібіне әйел адамдар мен жастарға 30 пайыздық квота енгіздік. Бұл жерде ондай квота болмағанымен, бірнеше аймақтағы үміткерлердің тіркелуін талдау кезінде әйел адамдардың белсенділігін көрдік. Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Атырау облыстарында әйел үміткерлердің белсенділігі 30 пайыз шамасында болғанын көрдік. Яғни, Парламент сайлауындағы әйелдер белсенділігі әкім сайлауына да әсер еткен. Әйел адамдардың депутаттыққа емес, әкімдікке үміткер ретінде тіркелуі өте жақсы тенденция», – дейді ол. Демек, консервативтік көзқарас орныққан Орталық Азия аймағында әйелдердің белсенді бола түсуі де Қазақстаннан басталды деген сөз. Мұның өзі «Орталық Азияда алғаш рет» дейтін тағы бір графаның қосылуына ықпал ететін шығар. Өйткені әкім сайлауына 458 әйел үміткер ретінде атын ұсынды.

«NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНАН 584 ҮМІТКЕР ҚАТЫСТЫ

Әкімдер сайлауының ең басты ерекшелігі – азаматтардың өз-өзін ұсына алатынында. Яғни, әкім болуға ниет етіп, халықтың қолдауына ие боламын деген адам өз-өзін үміткер ретінде ұсына алады. Оған қандай да бір партия мүшесі болуы немесе белгілі бір қоғамдық ұйымдар атынан әрекет етудің қажеті жоқ. Заңнамадағы белгілі талаптарды орындап, бұқараның тиісті қолын жинаса жетеді. Дегенмен бұл ерекшелік сайлауға партиялардың қатысуына да шектеу жасамайды. Содан да болар, осы жолғы сайлауда өз-өзін ұсынған үміткерлермен қатар, партия атынан қатысушылар да болды. Мәліметтерге қарағанда, 730 сайлау округінде 2 582 адам аты ұсынылып, 2 297-сі тіркеуден өтіпті. Олардың 1 419-ы – өз-өзін ұсынушылар. Ал 878 үміткерді 6 саяси партия ұсынған. Дегенмен партия атынан аты ұсынылған үміткерлердің басым көпшілігі «Nur Otan» партиясынан екенін атап өту керек. Дәлірек айтқанда, биліктегі партия атынан 584 үміткер бақ сынады. Партия үміткерлері сайлауалды үгіт-насихат кезеңінде 45 мыңнан астам іс-шара өткізіп, 228 мыңнан астам үгіт-насихат материалын таратып, 1,2 млн сайлаушыға өз бағдарламаларын таныстырған. «Nur Otan» партиясы жанындағы Азаматтық қоғамды және мемлекеттік басқаруды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Айдос Сарымның айтуынша, ауыл әкімдерін сайлау алғаш рет ұйымдастырылғанымен бұқараның бұл бастамаға көзқарасы жақсы болыпты. «Елімізде алғаш рет өткізіліп отырған ауыл әкімдерінің тікелей сайлауына деген халықтың көзқарасы оң. Азаматтардың қызығушылығы жоғары екенін байқап отырмыз», – деді Айдос Сарым.

Негізі, ауыл әкімдерін сайлауда өз-өзін ұсынушылар мен партия атынан қатысушылардың да өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары болады. Өз-өзін ұсынушылар тың идея мен жергілікті халықтың қолдауына сүйеніп, ауылдарды басқарудың өзіндік үлгісін жасауы мүмкін. Олар ауыл мәселесін өзінен жоғары тұрған билік құрылымдарына жеткізуде халық атынан сөйлеуде батылырақ болуы ғажап емес. Дегенмен ел көңілінен шықпаған әкімді тұрғындар қызметінен кетіре алатыны тағы бар. Мұны саясаттанушы Расул Жұмалы да қолдап отыр. «Осы сайлауда жеңіске жеткен әкім ел үмітін ақтамаса, жергілікті тұрғындар бастама көтеріп, оны кейін орнынан алғызып тастатқыза алады. Нәтижесінде, тағайындалған не мәслихат депутаттары сайлаған әкімдерге қарағанда, жергілікті тұрғындар сайлаған әкімнің ынта-мотивациясы да өзгереді, ол үшін бастысы – жоғары тұрған әкімнің көңілінен шығу болмайды, қайта ол ең алдымен өз жұмысына ауылдастардың көңіл толуына мән береді», – дейді саясаттанушы. Ал біздің пайымдауымызша, өз-өзін ұсынып, әкім болған азамат ауылдастармен тізе қоса әрекет етуге барын салады. Жергілікті кәсіпкерлерді, белсенділерді қасына топтастырып, ауыл мәселесін көп болып шешуге ұмтылуы мүмкін. Оптимистік сценарий – солай. Дегенмен партия атынан ұсынылып, әкім болған азаматтардың да өзіндік артықшылығы бар. Олар ауыл мәселесін партия арқылы Мәжіліске дейін жеткізе алады. Оның өзінде егер партиясы Мәжілісте болса ғана. Алайда партиялардың да партиясы бар екенін ескеру қажет. Айталық, «Nur Otan» партиясынан аты ұсынылып, әкім болған азаматтар ауылды көркейтуде партияның ұзақмерзімді бағдарламасы негізінде әрекет етеді. Жыл басында өткен сайлауда биліктегі ең қуатты саяси күш кешенді бағдарлама ұсынғаны белгілі. Олардың ішінде «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы, сондай-ақ облыстар, қалалар мен аудандарға арналған 216 өңірлік бағдарлама бар еді. Партия атынан сайланған әкімдер осынау кешенді жоспар аясында жұмыс істейді деген сөз. Егер үміткер іскер болса өңірлік бағдарламаларды орындауға арналған Жол картасына өзі басқаратын ауылдың мәселесін енгізуге барын салары сөзсіз. Әрі партиядан аты ұсынылып, әкім болған азаматтың артында қуатты тірек тұр деген сөз. Біздің пайымдауымызша, мұндай әкімдердің табысты жұмыс істеу мүмкіндігі әжептәуір жоғары болады. Біріншіден, оның жұмысын халықпен бірге оны ұсынған партия да бақылайды. Партияға саяси күштің имиджін түсіретін шенеунік керек емес. Екіншіден, мұндай әкімдер партия арқылы ауылға инвестиция, меценат тарту мүмкіндігіне ие бола алады. Алайда бәрібір әкім жұмысының қандай нәтиже берерін ауылдың орналасқан жері, ондағы тұрғындар саны, инфрақұрылымы, жергілікті бюджетті толтыратын салық көлемі тәрізді фактор шешетінін естен шығармаған абзал. Дегенмен үлкен өзгерістен, шағын қадамнан жасалатыны тағы бар.

(Жалғасы 3-бетте)

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ: саяси жаңғырудың жаңа кезеңі

(Басы 2-бетте)

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Сонымен, 25 шілде күні өткен сайлаудың толық қорытындысы әлі шыққан жоқ. Толық нәтижені білуге үш күн уақыт керек. Жеті күнде сайланған әкімдерді тіркеу аяқталады. Ал 730 сайлау округі 14 облыста болды. Дауыс берушілер үлесіне келсек, 25 шілде күнгі сағат 20.00-дегі деректер бойынша, Шығыс Қазақстан облысында дауыс берушілердің 90,9 пайызы өз таңдауын жасап, рекордтық белсенділік танытыпты. Одан кейінгі орында 90,7 пайыз көрсеткішпен Жамбыл, 87,1 пайызбен Солтүстік Қазақстан, 84,4 пайызбен Қостанай облыстары тұр. Ал Қызылордада бұл көрсеткіш – 83,6, Маңғыстауда – 82,4, Батыс Қазақстанда – 81,4, Ақтөбеде – 79, Түркістанда – 77,1, Павлодарда – 76,9, Ақмолада 75,5 пайыз болды.

Ал әкім сайлауындағы қызықты деректер жайлы айтсақ, Ақтөбе облысында 35 әкім сайланса, оның тек екеуі өзі-өзін ұсынған үміткер екен. Өзгесі партия атынан ұсынылған азаматтар. Жаңадан сайланған 35 әкімнің 28-і «Nur Otan» партиясынан.

Маңғыстауда 279 адам үміткерлердің барлығына қарсы дауыс беріпті. Бұл құқық сайлауға қатысты заң нормалары өзгертілгеннен кейін алғаш рет енгізіліп отыр. Демек, ауыл әкімдерін сайлауда азаматтар осынау құқын да пайдаланды деген сөз.

Солтүстік Қазақстанда 71 әкімнің 42-і, Қостанайда 65 әкімнің 46-сы өз орнына қайта сайланыпты.

Әрине, жаңадан сайланған әкімдердің ішіндегі ең жасы немесе қарты, ең көп дауыс жинағаны дегендей түрлі дерек келтіре беруге болады. Дегенмен сайлау нәтижелері әлі толық шығып біткен жоқ. Сондықтан статистика да алдағы күндері толығуы немесе қызығырақ бола түсуі мүмкін. Бастысы ауыл халқы әкім сайлауында белсенділік танытты. Ауылдықтар өз мекенделінің тағдырына бейжай қарамайтынын байқатты. Ел ерге сенетінін көрсетті.

Түйін: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаудан бұрын «Алдағы сайлау біз жүзеге асырып жатқан саяси реформаларға тың серпін береді деп сенемін. Сондай-ақ тұрғындарды ел басқару және шешім қабылдау үдерісіне тартуға жол ашады» деген болатын. Сөйткен реформа басталды.

25 шілдеде өткен ауыл әкімдерін сайлау науқаны шынында да үлкен өзгерістің басы болмақ. Өйткені 2024 жылға дейін барлық аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері сайланып бітуі тиіс.

Ал одан кейін биыл сайланған әкімдердің алғашқы мерзімі де бітіп үлгереді. Демек, бұдан былай жергілікті тұрғындар өздері қалаған азаматты басшы етіп сайлап алуға дағдылана түседі деген сөз. Бұл мемлекеттік басқару ісіне бұқараның араласуын арттырып, халықтың билікке деген сенімін нығайтпақ. Әрі ел халқының 40 пайыздан астамы тұратын ауылды жерлердің мәселелерін билік пен халықтың бірлесе шешуіне жол ашпақ. Ал ауыл әкімдерін сайлау жақсы нәтиже берсе одан жоғары тұрған әкімдер сайлануы әбден мүмкін. Оған тек уақыт пен жаңадан сайланған әкімдердің табысты жұмыс істегені керек.

Ардақ СҰЛТАН

АЙМАҚТАР **АЙМАҚТАР** **АЙМАҚТАР**

АҚМОЛАДА 11 САЙЛАУ ОКРУГІНДЕ ӨЗ-ӨЗІН ҰСЫНҒАНДАР ҒАНА ҚАТЫСТЫ

Ақмолада ауыл әкімдерінің сайлауына сайлаушылардың 75,75 пайызы қатысқан. Жалпы, 290 кандидат бағын сынаған сайлауда 201 адам өз-өзін ұсынғаны анықталды.

Саяси партиялармен 89 кандидат ұсынылған. Оның ішінде 76 үміткер «Nur Otan» партиясынан, «Ақ жол» партиясынан – 5, «Қазақстан халық партиясынан» – 6, «Ауыл және «ADAL» партияларынан бір-бірден үміткерлер қатысқан.

11 сайлау округінде тек өзі-өзін ұсынған кандидаттар сайлауға түсіпті.

«Облыс аудандарында сайлауға ең көп үміткер Шортанды ауданы Бозайғыр округінен 5 кандидат, Ерейментау ауданының Күншалған ауылдық округінен және Атбасар ауданының Ярославль округінен төрт үміткерден қатысты», – дейді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Манарбек Садуов.

Сайланған 95 әкімнің 14-і – мемлекеттік қызметшілер. Ал бұрын да әкім болып қызмет еткен 52 үміткер өз орнына қайта сайланды. Әкім лауазымына ұмтылғандардың бірі коммерциялық құрылым өкілі болса, 13-і – бюджеттік ұйым қызметкерлері, бесеуі уақытша жұмыс істемейтін адамдар болған.

«Сайлауға қатысқан үміткерлердің 15-і әйелдер болды. Яғни, орташа есеппен бұл додаға түскендердің 16 пайызы. Үміткерлердің орташа жасы – 47, ең жасы 29 жасқа келген. Сайлау қорытындысы бойынша Егіндікөл ауданының Абай ауылынан сайлауға түскен М.Қарбекова сайлаушылардың 100 пайыз дауысын жинапты. Жалпы, сайлау комиссияларының әрекеті бойынша жоғары тұрған комиссиялар мен сотқа арыз түскен жоқ», – дейді спикер.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ӘКІМДЕР САЙЛАУЫНА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Алматы облысының аудандарында әкімдер сайлауы заң талаптарына сай ұйымдастырылып, ойдағыдай өтті. Жетісу өңіріндегі 71 ауылдық округ бойынша жергілікті жұрт алдағы жылдары өздеріне жетекшілік істеп, ауылдардағы проблемаларды шешетін басшыларды таңдады.

Жетпіс бір орын үшін болған бәсекеге 235 үміткер қатысып, орташа есеппен алғанда бір лауазымға 3,3 адамнан келді. Ал кейбір ауылдық округтерде 5-6 үміткер бір орынға таласты. Қорытынды есеп бойынша сайлауға қатысуға тиісті жетісулықтардың 67,5%-ы сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауларын білдіріпті.

«Бір орын үшін орташа бәсекелестік 3.3 адамнан болды. Әкімдер сайлауына үміткерлердің сенімді өкілдері, түрлі деңгейдегі тәуелсіз байқаушылар, журналистер қатысып, барлығының заң аясында атқарылуын басты назарда ұстады. Коронавирусқа қатысты қалыптасып отырған жағдайға сай барлық қажетті саинтарлық талаптар толығымен орындалды. Тәртіп сақшылары да өз міндеттеріне орай қоғамдық тәртіптің сақталуын бақылады. Жетісулықтар өздерінің сайлауға қатысты құқықтарын заңға сай жүзеге асырды, белсенділік байқатты. Ақтық қорытындыға сай тізімге енгізілген сайлаушылардың 67,5%-ы немесе 149 888 адам дауыс берді», – деді соңғы ақпараттармен бөліскен облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Қаһарман Жақсылық.

Облыс бойынша бұл жолғы сайлауға 235 үміткер тіркелген. Ал су жаңа ауыл әкімдері анықталған аудандарға келер болсақ, олардың тізбесі төмендегідей: Еңбекшіқазақ ауданында – 10, Ақсу ауданында – 9, Алакөлде 8 ауылдық округте жаңа әкім таңдалса, Балқаш пен Ұйғыр ауданының әрқайсысында алты-алтыдан он екі ауылда, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Талғар аудандарының әрқайсысында төрт-төрттен он алты ауылда, Жамбыл мен Қараталдың әрқайсысында екі-екіден төрт ауылда, Ескелді, Іле, Қарасай аудандары мен Текелі қаласының әрқайсысында бір-бірден төрт округте әкімдер сайланған. Кегенде 5 ауылдық округтің, Сарқанда 3 ауылдың тізгінін халық таңдауына лайықты болып танылған әкімдер ұстайтын болды.

Сайланған әкімдердің 53-і мемлекеттік қызметшілер санатынан, оның ішінде 31-і әкімдік міндетті атқарғандар. Тағы жетеуі коммерциялық құрылымдардан келсе, тоғызы бюджеттік ұйымдарда жұмыс істеген. Екеуі уақытша жұмыста жоқтар қатарынан. Екі әкім әйелдер арасынан суырылып алға шыққан. Бір әкім ғылым кандидаты. Жетпіс бірдің он бірі немесе 15 пайызы экономист болса, оны немесе 14 пайызы заңгер.

Су жаңа әкімдердің 40-ы өздері сайланған ауылдық округте, 30-ы сол ауданда, біреуі облыста тұрады. Олардың алпысы саяси партиялармен ұсынылған: «Nur Otan» – 57, «Ауыл» ХДСП – 3. Қалғаны өзі-өзін ұсынғандар. Алакөл ауданындағы Жағатал ауылдық округі бойынша жеңіске жеткен Қайрат Тұрлыбеков сайлаушылардың 100 пайыз дауысын иеленіп, жұрттың толық сеніміне ие болды. Ал Қаратал ауданындағы Бастөбе ауылдық округінің сайлаушылары «бәріне қарсымын» деп дауыс беруде «алдан көрінді. Осы округ бойынша дауыс берген 3 329 азаматтың 406-сы немесе 12,2 пайызы сайлау бюллетеніндегі «бәріне қарсымын» деген жазбаны белгілепті.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

БҰЛ САЙЛАУДЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК...

Халық көптен күткен ауыл әкімдерін сайлау да аяқталды. Ата қоныс ауылдарды дамытуға білімі мен ілімін жұмсайды деп сенген үміткерлерге дауыс берген халық нәтижесін тағатсыздана күтеді.

Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Азамат Айманакумов ауылдық округтер әкімдерін сайлау қорытындылары туралы брифингте барлық 18 сайлау округі бойынша әкімдер сайланғанын айтты.

– Сайлау округтері бойынша сайлаушылар тізіміне 44 305 азамат енгізіліп, оның 32 981 дауыс беруге қатысты. Бұл жалпы сайлаушы электораттың 74,4 пайызы. Ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде 52 адам саяси додаға түсті. «Nur Otan» партиясынан – 15, ADAL саяси партиясынан 1 адам ауыл әкімі болып сайланды. Одан бөлек өзі-өзін ұсынған екі кандидат та осындай лауазымға ие болды, – деді Азамат Айманакумов.

Айтарлығы, Атырауда сайлаушылардың 74,4 пайызы дауыс берді. Оның ішінде, Қызылқоғада — 85,8; Исатайда — 85; Жылыойда – 80,7; Индерде — 77; Махамбетте — 80,8; Құрманғазыда – 71,7 және Атырау қаласында – 66 пайыз. Ал, сайлаушылардың жалпы саны – 44 305.

Алдын ала мәлімет бойынша, барлығы 175 байқаушы қатысты. Оның 19-ы – БАҚ, 89-ы – қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйым, 46-сы – саяси партия өкілдері және 21-і – үміткерлердің сенім білдірген адамдары.

Сайлау күні Атыраулық қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үйден шықпай-ақ дауыс берді. Дамбы ауылының тұрғындарының сайлауға келу белсенділігі көзге анық көрініп-ақ тұрды. Түс ауа сайлаушылардың тең жартысы дауыс беріп үлгерді. Дамбы ауылдық округінде 38 адам үйден дауыс беруге өтініш білдірді. Олардың бірі – еңбек ардагері Ғарифолла Хитуов. «Өзім де 1993 жылы Дамбы ауылдық округінің әкімі болып сайландым. Бұл қызметті 8 жыл атқарып, зейнетке шықтым. Тәуелсіздік алған жылдардан бері ауылымыз жақсы өзгерді. Ауыл тұрғындары қалаға оңай жетеді, барлық үйлерде жарық, су, газ бар. Дегенмен де ауыл дами бергені дұрыс. Біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы - сайлау нәтижелеріне байланысты. Сайлауға үйден шықпай-ақ қатысуға мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға рақмет, – деді зейнеткер.

Ауыл әкімдерін сайлау ақиқатында тұрғылықты халық пен әкім болып сайланған лауазым иесінен жауапкершілікті, сенімнің ақталғанын талап етеді. Оны алдағы уақыт көрсетеді...

Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ,
Атырау облысы

ЖАМБЫЛДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ЖАРТЫСЫНАН КӨБІ ЖАҢАРДЫ

Елімізде тұңғыш рет өткізілген ауыл әкімдерінің сайлауы тарих қойнауына енді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жанданған бастамаға жамбылдықтар жұдырықша жұмылып, үн қосты. Өткен жексенбіде ашылған 89 сайлау учаскесіне ағылған жұрттың қарасы қалың болып, бұқара өз таңдауын жасады.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкеловтің айтуынша, бұл сайлау әулиеаталық ауыл әкімдерінің жартысынан көбін жаңартыпты. Яғни, билік дәлізі мен саясат сахнасында жаңа есімдер естілді. Бұл жайында ол «Өңірлік коммуникациялар қызметі» алаңында өткен брифингте кеңінен баян етті.

Оның сөзіне сүйенсек, 38 сайлау округі бойынша 111 кандидат үміткер болып түскен екен. 104 391 адам сайлаушы ретінде тіркелсе, оның 94 646-і дауыс берген.

- 89 сайлау учаскесінде 651 байқаушы сайлау барысын бақылады. Дауыс беру барысында ешқандай заңбұзушылық болған жоқ. «Nur Otan» партиясының атынан 31 үміткер ауылдық округ әкімі қызметіне өтсе, «Ауыл», «Ақ жол», ADAL және «Қазақстан халық партиясынан» бір-бір кандидаттан әкімдік лауазымына ие болды. Сондай-ақ өзін-өзі ұсынған 3 үміткер халықтың көп даусын жинады.

Сайланған 38 әкімнің 3-і – әйел. Олар Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округі, Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі және Жуалы ауданы Қарасаз ауылдық округіне әкім болды. Ең жас 28 жастағы әкім Т.Рысқұлов ауданы Жаңатұрмыс ауылдық округінен сайланды. Ең жасы егде тартқан 60 жастағы әкім Жамбыл ауданы Жамбыл ауылына әкім болып барды. Барлық әкім 1-2 күнде жұмысына кіріседі. Әкімдік өкілеттіліктері – 4 жыл. Оларға 57 тармақтан тұратын міндеттеме жүктеліп отыр, – деді Сайлау комиссиясының төрағасы.

Осы тұста ерекше атап кетерлігі, сайланған 38 әкімнің 13-і бұрынғы әкімдер. Осылайша, бұл сайлау науқаны әулиеаталық ауыл әкімдерінің жартысынан көбін жаңартып отыр. Сондай-ақ әкім болғандардың ішінде жұмыссыз жүрген азамат та бар.

Әрине, сайлаудың ашық та, әділ өткені қуантады. Одан бөлек, саяси науқанға «еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін» үн қосқаны жанға жылу. Мәселен, Жамбыл ауданы Шайқорық ауылындағы №166 сайлау учаскесінде Балнұр Тұрлықұл есімді жас өмірінде бірінші рет дауыс берсе, Аса ауылының 110 жастағы тұрғыны Күлбарам Сүгірова өз таңдауын тасымалдау жәшігі арқылы үйінде жасады.

Қалай дегенде де, бұл сайлау көптің есінде қалары анық. Ресми мәлімет бойынша, көп үміткер Жамбыл ауданында тіркелсе, кандидаттардың 20 пайызын нәзікжандылар құрады. Міне, осылардың ішіндегі халықтың сенімінен шыққан үміткерлер ауыл әкімі атанды. Бұл сайлау алдағы үлкен саяси науқанның алғашқы қадамы ретінде өткенін ескерсек, өз функциясын толық орындағандай. Демек, енді аудан әкімдерінің сайлауы да өтуі бек мүмкін деген сөз. Енді оны уақыт көрсете жатар.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА САЙЛАУДА ТӘРТІП БҰЗУ ТІРКЕЛМЕДІ

Қарағанды облысында 60 мыңға тарта ауыл тұрғыны өз таңдауын жасады. Енді 149 елді мекенде аудан басшысына емес, өзін сайлаған халыққа тікелей есеп беретін ауыл әкімдері жұмысына кіріспек. Жай кірісіп қана қоймайды, халқы күткен алғырлықпен, іскерлікпен, жаңашылдықпен кадр саясатына тың серпін бермек.

Ауыл болашағы үшін облыстағы ауылдық округтер әкімдерін сайлауға 60 мыңдай сайлаушы қатысса, бұл – тіркелген дауыс берушілердің 74 пайызы.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ерқара Аймағамбетов ауылдық округ әкімдерінің алғашқы сайлауында бақылаушылар да, сенімді өкілдер де белсенді болғанын айтады. Ал сайлау комиссияларының ұсынған деректеріне сәйкес, 25 шілдеде учаскелердің жабылу сәтіне дейін тізімге енгізілген сайлаушылардың жалпы санының 75,85 пайызы дауыс берген.

Сайлау комиссиясының мәлімдеуінше, дауыстарды қайта санау, учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларында сәйкессіздікте қателер болмаған, сондай-ақ сайлау комиссияларының әрекетіне немесе әрекетсіздігіне жазбаша шағымдар түспеген.

– Қарағанды облысында сайлау барлық 75 сайлау округінде, 149 елді мекенде өтті. Сайлау бюллетеньдеріне 257 кандидат енгізілді, олардың 79-ын саяси партиялар ұсынды. «Nur Otan» партиясы – 61, «Ауыл» ХДП – 3, «Ақжол» – 3, «Адал» партиясы – 3 және ҚХП – 9 кандидат ұсынса, 178-і – өзі-өзін ұсынушы. 75 сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 81 540 азамат енгізілді, дауыс беруге 61 846 адам қатысты – бұл 76%, – дейді Ерқара Балқарауұлы.

Ерқара Аймағамбетов сайланған 75 адамның 28-і мемлекеттік қызметші екенін айтты. Оның 17-і сол ауылдық округке қайта сайланды, тағы 7-еуі басқа ауылдық округтердің әкімі, 5-еуі коммерциялық құрылым өкілдері, 17-і – бюджеттік ұйым қызметкері, 1-еуі уақытша жұмыс істемейтін, тағы 3-еуі әкім-әйелдер. Олардың арасында экономистер, заңгерлер, оқытушылар, инженерлер, ауыл шаруашылығы қызметкерлері, саясаттанушылар, басқа да мамандық өкілдері бар.

Аймақтар бойынша сайлаушылардың белсенділігі жағынан қара үзгені – Осакаров ауданы. Алдын-ала дерек 4 мыңнан аса аудан тұрғыны 88% бюллетень алып, өз таңдауын жасағанын көрсетеді. Осакаровты небәрі 1 пайызға ғана алға салған Жаңаарқа ауданы да қалысқан жоқ. 87,61% бюллетень пайдаланған 2779 ауыл тұрғыны ұлт ұйытқысы болған ауылдың болашағы үшін дауыс берді. Үшінші орынға шыққан Қарқаралы ауданының тұрғындары 85,34% бюллетень пайдаланып, яғни 3 330 адам дауыс беріп, тарихи сәттен шеткері қалмай әрі өз мүдделері үшін ауыл әкімдерін сайлауға атсалысты.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

ҚЫЗЫЛОРДАДА 40 АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ӘКІМІ САЙЛАНДЫ

25 шілдеде тәуелсіз Қазақстанның тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдері сайлауға түсті. Қызылорда облысындағы жеті ауданда өткен саяси науқанда 40 ауылдық округтің әкімі сайланды. Енді ауылдың тұтқасын ұстар азаматтар халықтың сенімінен шығуға бар тәжірибесін салып, ауылды гүлдендіруге қызмет етпек.

Ел тарихында биыл бірінші рет өткізілгеннен кейін кем-кетіктің болары да сөзсіз. Ауылдастар арасында руға тартыс бола ма деген қауіп те болды. Бірақ екі ұдай пікірмен таласып-тартысып жүріп ауыл тұрғындары да саяси науқанды абыроймен атқарып шықты.

Өңір жұрты ауылдың сай-саласын жақсы білетін, жоғарғы жаққа сөзін өткізе алатын адамдарды кандиттар қатарына қосуға тырысты. Сайлау учаскелері бойынша 36 071 азамат сайлаушылар тізіміне енгізілді, оның 30 149-ы (83,58%) дауыс беруге қатысты. Әкімге үміткерлер саны – 122 адам. 40 округтің барлығында әкімдер сайланды. Оның ішінде «Nur Otan» партиясы – 30 адам, «Ауыл» ХДПП – 2 адам, ADAL ПП – 2 адам, Қазақстан халық партиясы 1 адам ұсынса, өзін-өзі ұсыну бойынша 5 адам кандидат ретінде тіркелді.

Қызылорда облысы бойынша 54 сайлау учаскесінде дауыс беру өтіп, оған 304 комиссия мүшесі тартылған.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаевтың сөзінше, қандидаттарға сайлаушылардың 83,6 пайызы дауыс берген. Арал ауданы бойынша 12 округте 19 учаскеге 8 019 сайлаушы, оның ішінде келушілер саны – 7 295. Ал Қазалы ауданы бойынша сайлауға қатысушылар – 93,38%, Қармақшыда – 83,70%, Жалағашта – 87,76%, Сырдария ауданы бойынша – 92,02%, Шиелі өңіріне – 78,67 % және Жаңақорған ауданында 74,43 % адам өз таңдауын жасады.

«Сайлау барлық учаскеде Конституциялық заңға сәйкес өтті, құқықбұзушылықтар анықталған жоқ, арыз-шағымдар түскен жоқ», – деді Ғалым Қонақбайұлы.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕК,
Қызылорда облысы

ХАЛҚЫНА ЖАҚЫН БОЛСА ИГІ...

Солтүстік Қазақстан облысында әкімдерді сайлау 71 сайлау округінде, соның ішінде Мамлют ауданының орталығы – Мамлютка қаласында және 70 ауылдық округте өтті.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тілеген Қаскиннің айтуынша, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес сайлауды жарамсыз деп тануға немесе қайта сайлау өткізуге ешқандай негіз жоқ. Бақылаушылар Солтүстік Қазақстан облысында сайлау ешқандай заңбұзушылықсыз, ұйымдасқан түрде өткенін атап өтті. Сайлау комиссияларының әрекеттеріне қатысты ешқандай шағым тіркелмеді. Соттарға талап-арыз түскен жоқ. Дауыстарды қайта санау жүргізілген жоқ.

Әкімдіктен үміткер ретінде сайлау бюллетеньдеріне енгізілген 214 кандидаттың 68-ін саяси партиялар ұсынған болатын. Атап айтқанда, «Nur Otan» партиясы – 57, «Ауыл» ХДПП – 3, «Ақ Жол» ҚДП – 2, ADAL КП – 2, ХКП 4 адам ұсынды. 146 кандидат өзі-өзін ұсынғандар. Олардың арасынан жеті адам діттеген мақсатына жеткенін атап өткен жөн. Қалған 64-інің 55-ін билік партиясы ұсынса, үшеуі – «Ауыл» ХДПП, екеуі – «Ақ Жол» ҚДП, біреуі – ADAL КП, үшеуі – ХКП ұсынған кандидат.

Сайланған 71 әкімнің 42-сі бұған дейін де осы лауазымды атқарған. Су жаңа әкімдердің сапалық құрамына тоқталар болсақ, 57-сі немесе 80 пайыздан астамы – мемлекеттік қызметшілер, 4 адам – коммерциялық құрылымдардың өкілі, алтауы – бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 2 адам уақытша жұмыссыз. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының бір түлегі де ауыл әкімі атанды. 19 әйел әкім сайланды. Бұл – барлық әкімдердің 26,8 пайызы. 13 әкімнің мамандығы – экономист, 14-і – заңгер, 21-і – оқытушы, 7-еуі – инженер.

Аққайың ауданы Қиялы ауылдық округінің әкімі атанған 30 жастағы Фарида Жолдаспаева ең жас әкім болса, Қызылжар ауданы Березов ауылдық округінің тізгінін қолына ұстаған 62 жастағы Аяс Дәуренбеков – жасы ең үлкені. Жаңадан сайланған әкімдердің орташа жасы – 45 жас.

Айта кету керек, әкімдердің барлығы бірдей сайлау өткен округте тұрмайды. Ондайлардың саны – 54. Қалған 17-сі басқа елді мекендерде тұрады.

«Альянс» әйелдер күштері Солтүстік Қазақстан облыстық бірлестігінің жетекшісі, Петропавл қалалық қоғамдық кеңес төрайымы Бақытжан Сәмиева бұл сайлау ауылды жаңғыртуға бастайтын қадам деп есептейді. «Сайлау арқылы жеңіске жету – көпшіліктің сеніміне ие болу деген сөз. Жерлестерінің сенімін арқалаған әрі халық сайлаған әкім жергілікті жердегі шешімін күткен күрмеуі қиын мәселелермен етене таныс. Ендеше, ол соларды шешіп, жерлестерінің әл-ауқатын арттыруға тырысатыны сөзсіз. Тек сайлауалды бағдарламасында берген уәделері сылдыр сөз күйінде қалмаса, берген сертінен таймай, адал қызмет етсе игі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы жаңа Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында көтерген ауыл әкімдерін сайлау туралы ұсынысы үкіметтік емес ұйымдар тарапынан қолдауға ие болды», – деді Бақытжан Мағжанқызы.

Алғаш рет өткен сайлауда солтүстікқазақстандықтар жақсы белсенділік танытты. Тұрғындардың 80 пайыздан астамы өз таңдауын жасап, туған ауылының тағдырына жауапты адамды сайлаудан шет қалған жоқ. Ендігі кезекте олар жаңа әкімдер биліктің емес, халықтың сөзін сөйлейтінін қалайды.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Серік ШӘПКЕНОВ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – ҚАШАНДА БІРІНШІ ОРЫНДАҒЫ МІНДЕТ

Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылда Қазақстан билігі халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесін ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Еңбеккерлердің жалақысы, зейнеткерлердің зейнетақысы, студенттердің шәкіртақысы мен түрлі жәрдемақылар, төлемдер кезең-кезеңімен өсіріліп, ерекше қажеттілігі бар азаматтар мен әлеуметтік әлсіз топтардың өкілдеріне мемлекет ұдайы қамқорлық жасап келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған саясаты да халықтың тұрмысын жақсартып, ел экономикасын тұрақты дамытуға негізделген еді. Бүгінде өткен ғасырдың 90-жылдарындағы қиындықтар естелікке айналды. Дегенмен біз тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік қорғау, еңбек қатынастары саласындағы жетістіктерді, бүгінгі мәселелерді әңгімеге арқау ете отырып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкеновпен сұхбаттастық.

– Серік Жамбылұлы, ел тәуелсіздік алғанына 30 жыл өтті, бұл аз уақыт емес. Енді Қазақстанда бастапқы кезеңдерде қандай қиындыққедергілерге тап болды, халықтың әл-ауқатын көтеру үшін қандай шаралар жасалғанын айтып берсеңіз.

– Сұрағыңызға толыққанды жан-жақты жауап беру үшін өткенге сәл шегініс жасауға тура келеді. Сөз жоқ, жаңа қоғамдық формация, соның ішінде Кеңес Одағының ыдырауы, ұзақ жылдар бірбіріне шаруашылық және экономикалық жағынан кіндігінен байланып келген елдер арасындағы байланыстардың үзілуі қазақстандық еңбек нарығының жағдайына өте теріс ықпал етті. Елді жаппай жұмыссыздық жайлады. Дүкен сөрелері қаңырап бос қалды. Бұл өзгерістер өндірістің құлдырауымен, қолайсыз демографиялық үрдістің өршуімен және халықтың елден тыс жерлерге көшіп-қонуының жиілеуімен қоса жүрді. Білікті жұмыс күшінің сыртқы миграциясы еңбек әлеуетінің жайкүйін әлсіретті.

Егемендіктің алғашқы елеңалаңы кез келген ел үшін аса маңызды. «Алыс жол – алғашқы адымнан басталады», өткенімізге бүгінгі күн биігінен көз салсақ, дәл сол кезеңде мемлекет негізі қаланып, қоғам өз дамуының бастапқы серпініне түскенін көреміз. Тұңғыш Президент – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығымен тарихи қысқа мерзім ішінде ғасырларға татитын ғибратты да сындарлы жол жүріп өттік.

«Алдымен – экономика, сосын барып – саясат» деген бағыт таңдалып, ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту алдыңғы кезекке шығарылды. Мемлекет бұрынғы жүйенің құлдырап, қабілетсіз болып қалғанын ескере отырып, нарықтық экономика жағдайына сәйкес келетін әлеуметтік қорғаудың жаңа үлгісін құруға бет алды.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен қазіргі кезеңге дейінгі жүріп өткен жолды шолып шықсақ, халықты әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты қандай өзгеріс болды?

– 1991 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстанның саяси болашағына күмән келтірген пікірлер іштен де, сырттан да жан-жақтан қардай борап жатқан шақта, халық үшін ауадай қажет «ҚР халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Елбасы тапсырмасына сәйкес, Үкімет 1992 жылдан бастап азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға кірісті.

Әрине, зейнетке шығу жасының төмендігі, өсіп келе жатқан бейресми сектор, салықтан жалтарудың кең етек алуы және өтпелі кезеңнің басындағы экономикалық құлдырау зейнетақы төлеу мен зейнетақы төлемдерін жинау бойынша берешектің ұлғаюына алып келді. Мемлекеттің зейнетақылар мен жәрдемақылар бойынша берешегі 1998 жылға қарай 36 млрд теңгеге жеткен еді.

Бұл қолданыстағы зейнетақы жүйесін тұрақсыз етті. Сондықтан 1998 жылы зейнетақы жүйесін реформалау басталды. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып жеке жинақтар қағидаттарына негізделген жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшті.

Қабылданған шаралар зейнетақы төлемдерін едәуір арттыруға мүмкіндік берді: 1999-2021 жылдар кезеңінде олардың орташа мөлшері 24 есеге жуық өсті және қазір орташа 100 мың теңгені құрайды, ал зейнетақының ең жоғары мөлшері 134,9 мың теңгеден асты.

Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінде болған ауқымды өзгерістердің арқасында зынтымақты және базалық зейнетақы төлеу шығысы 1999 жылы небәрі 99,1 млрд теңгені құраса, биыл бұл мақсатқа қаралған қаржы 2 трлн 742,2 млрд теңгеге жетті. Зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 1995 жылғы 300 теңгеден 2021 жылы 61 796 теңгеге дейін өсті (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) және биылғы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 1,8 есе асып түсті.

Былтыр 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға арналған жаңа жәрдемақы енгізілді, оның мөлшері отбасының табысына байланысты емес, балалар санына байланысты 46 760 теңгеден (4 бала) 186 688 теңгеге (16 бала) дейін сараланған. 2020 жылы жәрдемақымен 236,2 млрд теңге сомасына 392,4 мың отбасы қамтылды.

Қазір ана мен баланы қолдау бюджеттен берілетін жәрдемақылардың 5 түрі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін төлемдердің 2 түрі есебінен қамтамасыз етілуде. Биыл бұл мақсатқа 756 млрд теңге қарастырылған, бұл былтырғы осы көрсеткішпен салыстырғанда 19%-ға артық.

Еңбек нарығын дамыту және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау мақсатында Тұңғыш Президенттің Үкімет алдына қойған міндеттерін орындау үшін 2016 жылы Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы қабылданды, оған 2018 жылғы қарашада мемлекеттік бағдарлама мәртебесі берілді.

Ол еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алудың тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауды қоса алғанда, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға бағдарланған болатын. Мұны жүзеге асыру барысында оған 2,8 миллионнан астам адам қатысты.

Қабылданған шараның нәтижесінде жұмыспен қамтылған халық саны 1991 жылғы 7,4 млн адамнан 2021 жылдың бірінші тоқсанында 8,8 млн адамға дейін өсті. Жұмыссыздық көлемі 1999 жылғы 13,5%-дан биыл бірінші тоқсанында 4,9%-ға дейін қысқарды. Төменгі күнкөріс көлемінің көрсеткіші 1997 жылғы 3 505 теңгеден биыл 34 302 теңгеге жетіп, 10 есе ұлғайды. Кедейлік деңгейі 1996 жылғы 34,6%-дан былтыр 5,3%-ға қысқарды.

– Пандемия өршіген кезде азаматтарды қолдау үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өз тарапынан не істеді?

– 2020 жыл – Қазақстан экономикасы үшін соңғы 20 жылдан астам уақыт ішіндегі ең қиын жыл. COVID-19 пандемиясының салдары 1998, 2008 және 2015 жылдардағы дағдарыстарға қарағанда, экономикаға қатты әсер етті.

Есігімізді қақпай енген індет туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн» деген сөздері аяқастынан басталған ауыртпалықтан абыржып қалған халыққа қанат бітірді.

Пандемиядан туындаған қиындықтарға және өткен жылы қабылданған қажетті шектеу шараларына қарамастан, еңбек нарығының негізгі индикаторлары тұрақтылықтан ауытқымады. Бұған Үкіметтің халықты жұмыспен қамтуға бағытталған жедел шаралар кешені ықпал етті.

Осындай шаралардың бірі «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» дағдарысқа қарсы бағдарламасы болды, оның шеңберінде 239 мың адам жұмысқа орналастырылды. Бағдарлама арқасында 6,7 мың әлеуметтік маңызды жоба іске асты.

Былтыр мемлекеттік бағдарламаларды, оның ішінде «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы мен ЖҚЖК іске асыру аясында 1,4 миллионнан астам жұмыспен қамтудың түрлі шарасы қамтылды. Бұл жұмыссыздықты 5% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік берді.

Салыстыру үшін келтіре кетейін, адамзатқа аранын жайған тәжтажал тұсында аузын айға білеген елдердің өзінде жұмыссыздық деңгейі күрт өсті: АҚШ-та – 8,1%-ға дейін (+4,4%), Канадада – 9,6%-ға дейін (+3,9%), Испанияда – 15,5%-ға дейін (+1,4%)).

Биыл жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 1,2 млн адам қамтылатын болады. Қазір «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасуда, оның шеңберінде шамамен 700 мың адамды қамту жоспарланып отыр. Басқа мемлекеттік бағдарламалар аясында 440 мың жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда. Жұмыспен қамтудың Жол картасы жобаларын іске асыру кезінде 41 мың жұмыс орны құрылады, оның 28,3 мыңы тұрақты болады. Сондықтан 2021 жылдың соңына қарай жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Сондай-ақ төтенше жағдай тәртібі мен карантин енгізілген кезде халықты қолдаудың қосымша шаралары қолға алынды.

Алғаш рет Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер енгізілді:

– біріншіден, қызметін шектеуге байланысты табысынан айырылған азаматтар үшін – ең төменгі жалақы мөлшерінде төлем. ТЖ және карантин кезеңінде оны 476 млрд теңге сомасына 4,6 млн адам алды;

– екіншіден, жұмыста COVID-19 жұқтырған дәрігерлер үшін және медицина қызметкері қайтыс болған жағдайда олардың отбасылары үшін 9,5 мың адам 20,5 млрд теңге сомасына төлем алды.

Бұдан басқа, ай сайын әлеуметтік осал санаттардағы 1 млн-нан астам азамат жалпы сомасы 25 млрд теңгеге азық-түлік жиынтығы түрінде қолдау алды.

Індетті жұқтыру қаупін азайту үшін: 600 мыңнан астам адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау; 55,5 мың мүгедектігі бар адамға мүгедектікті белгілеу және жәрдемақы төлеу мерзімдері автоматты түрде ұзартылды.

– Кез келген мемлекеттің әлеуметтік сипаты мүмкіндігі шектеулі азаматтарға деген көзқарасымен өлшенеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде азаматтардың осы санатының өмір сүру деңгейі қаншалықты жақсарды?

– Бүгінде елімізде 695,1 мың мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 419,9 мың адам еңбекке қабілетті жаста болса, 180,6 мың адам зейнеткерлік жаста және 94,6 мыңы 18 жасқа дейінгі балалар.

Ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау әрқашан Үкімет қызметінің және біздің министрліктің басым бағыттарының бірі болып қала береді. Бұл мәселені тиімді шешу үшін 2005 жылы Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі құрылды. 2015 жылы Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау, тіршілік әрекеті шектелген адамдарға қатысты мемлекеттік саясаттағы бірқатар тұжырымдамалық өзгеріс жүзеге асырылды.

Мысалы, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың үкіметтік емес ұйымдарының қатысуымен әзірленген Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық шаралар жоспары 2012 жылдан бастап 2018 жылға дейін кезеңкезеңімен іске асырылды. Қазір Мүгедектігі бар адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар қолданысқа енген.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша, 343 мыңнан астам адам немесе мұқтаж жандардың 81%-ы «Оңалтудың жеке бағдарламасына» сәйкес, оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтерімен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілді. Бүгінде бұл шарамен 525 мыңнан астам мүгедектігі бар адам қамтылған. Қажеттіліктер ескеріле отырып, оңалтудың техникалық құралдарының тізбесі 32-ден 60-қа дейін кеңейтілді.

Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарын паспорттау және бейімдеу арқылы кедергісіз орта қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2021 жылғы 1 маусымдағы қорытынды бойынша оларға паспортталған әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының 99,8%-ы қолжетімді болды. «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» порталында бұл санаттағылар жүйеге кіріп, қандай да бір нысанның қолжетімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» енгізілді. Қолжетімділік картасына әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымның 35,4 мың нысаны жөнінде мәлімет енгізілген. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалауға мүмкіндік беретін «Е-Собес» жаңа автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қосылды.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы заң талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау жүзеге асырылуда. Бұл бағытта 2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 222 тексеру жүргізіп, 190 нұсқама берді, 4,3 млн теңге сомасына 28 айыппұл салынды.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметке сәтті ықпалдастыру үшін жұмыс іздеуге және жұмысқа орналасуға, сондай-ақ оқыту мен қайта мамандануға көмектесуді қамтитын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары ұсынылады. Қолданыстағы заңнамада зиянды және ауыр еңбек жағдайын қоспағанда, жұмыс орындары санының 2-4%-ы мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындары квотасын бөлу көзделген. Былтыр мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру кезінде, оның ішінде Электрондық еңбек биржасында жұмыс іздеуді жақсарту үшін қолдануға арналған Кәсіптер атласы әзірленді. Мүгедектігі бар балаларды оңалту қызметтерімен қамтамасыз ету үшін биыл жоспардағы 12 орталықтың 6-ы ашылып үлгерді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың рәсімі мен мерзімін оңтайландыру мақсатында біз мүгедектікті сырттай белгілеуді енгізу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. 1 шілдеден бастап жоба 6 өңірде – Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарында бастау алады. Сол арқылы келешекте мүгедектігі бар адамдарды мекемелер табалдырығын тоздырып, қызмет көрсетушіге тәуелді қылмайды.

– Қазір қандай мақсатты алға қойып отырсыздар және болашақта қазақстандықтарды қандай өзгеріс күтуде?

– Ауқымды міндет туралы айтар болсақ, олардың ең бастысы – Әлеуметтік кодексті әзірлеу. Президенттің тапсырмасы бойынша, біз өткен жылы кірістік. 100-ден астам сарапшының, соның ішінде Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының қатысуымен жұмыс тобы құрылып, 30-дан астам заңнамалық және 150 заңға тәуелді акт зерделенді және халық пен қоғамдық бірлестіктен түскен 500-ге жуық ұсыныс қаралды. Нәтижесінде, Кодекс тұжырымдамасы әзірленді.

Жаңа кодекстің негізгі мақсаты – бұқараның оларды түсінуін жеңілдету үшін осы саладағы қолданыстағы заңнаманың барлық қағидатын бір құжатқа шоғырландыру. Осылайша, Әлеуметтік кодексті қабылдау: азаматтарға олардың әлеуметтік құқығы мен міндеті туралы бірыңғай білім көзін құруға; халықтың әлеуметтік әл-ауқатының автоматтандырылған мониторингін жүргізуге; әлеуметтік құқық пен кепілдікті қамтамасыз ету бойынша алдын алу шарасын қабылдауға; мемлекеттік қызметтерді электрондық және проактивті сипатта көрсетуге; азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы мен өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

2021 жылдың басында мемлекеттік көрсетілетін қызметтің 91%-ы цифрландырылды, олардың жартысынан астамы белсенді түрде көрсетіледі. Биыл көрсетілетін қызмет санын 93%-ға дейін арттыру жоспарлануда.

Іске асырылып жатқан цифрлық жобалардың бірі – мүгедектігі бар адамдарға оңалту қызметтері мен құралдарын тікелей өнім берушіден сатып алуға мүмкіндік беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы», бұл ең алдымен қызмет сапасының өсуіне ықпал етеді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендетеді.

Өткен жылы мүгедектігі бар адамдар портал арқылы оңалту құралдары, жеке көмекшінің қызметтері, ымдау тілі маманының қызметтері, санаторлық емдеу шаралары бар, барлығы 128 мың қызметке тапсырыс берді және алды.

Сондай-ақ біз «Отбасының цифрлық картасын» – өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасыларды автоматты түрде анықтауға, қажетті кешенді қолдау шараларын белсенді көрсетуге, сондай-ақ қолжетімді индикаторлар арқылы отбасының әлеуметтік жағдайының нашарлауын болжауға мүмкіндік беретін жобаны жасау бойынша жұмысты бастадық.

Қазір цифрлық жұмыспен қамту орталықтарын кезең-кезеңімен енгізу жүріп жатыр. Бірінші кезеңде, 2020 жылы ірі қалалардағы 17 пилоттық жұмыспен қамту орталығының базасында Электрондық еңбек биржасы арқылы төрт қызметті ұсыну бойынша жоба іске қосылды: жұмыс іздеп жүрген адамды тіркеу, жұмыссызды тіркеу, жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындау, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын таңдау, оның ішінде жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыстар және әлеуметтік жұмыс орындары бар.

Екінші кезеңде Электрондық еңбек биржасы арқылы барлық қазақстандық үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарының осы онлайн-қызметтерін қолжетімді ете отырып, 1 мамырдан бастап іске асыра бастадық.

Биыл жұмыспен қамту қызметіне жүгінудің кем дегенде жартысы онлайн режимде болады деп болжап отырмыз.

Сондай-ақ Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі – e-HR жобасын дамыту белсенді жүріп жатыр. Бүгінде жүйеде 4,8 млн келісімшарт тіркеліп, 171 мың ұйым қосылған, бұл барлық жұмыс істейтін азаматтың шамамен 79%-ын құрайды.

Биыл еңбек шартының кемінде 85%-ын e-HR жүйесімен қамту жоспарланып отыр, ал 2022 жылы барлық жұмыс істейтін халықты толық қамтуға қол жеткізу көзделген.

Осы жылғы 1 маусымнан бастап «Бала тууға байланысты және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы тағайындау» қызметі жеңілдетілген түрде көрсетілуде. Нәтижесінде, проактивті түрде сәтті көрсетілген қызмет саны 10%-дан 37%-ға дейін артты. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 50%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Халық даналығында: «Теңіздің ащы-тұщысын білу үшін оны сарқып ішуге ұмтылудың қажет жоқ, дәмін татсаң жеткілікті» деген сөз бар. Соған жүгінсек, көзіқарақты оқырман еліміз көлемінде біздің сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың құлаш жетпес көлемі мен көз ілеспес қарқынын аңғарып отырған шығар.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», әлеуметтік бағдарды темірқазығындай ұстанған тәуелсіз Қазақстанда азаматтарды әлеуметтік қолдау мәселесі әрқашан ең алғашқы кезекте болғанын және бола беретінін мақтанышпен атап өткім келеді. Ал біздің министрлік қазақстандықтарды әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыра беретін болады.

Ең басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміз баянды болсын!

– Әңгімеңізге рақмет!

> *Зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 1995 жылғы 300 теңгеден 2021 жылы 61 796 теңгеге дейін өсті (базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) және биылғы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 1,8 есе асып түсті.*

Сұхбаттасқан
Дәулет АСАУ

Бауыр еті баласын да аямады

Қазіргі қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі ушығып тұр. Ең сорақысы сол, жантүршігерлік қылмыстардың басым бөлігін отбасының мүшесі, биологиялық немесе өгей ата-анасы жасайды. Күні кеше Алматы облысында 13 жастар қыз баланы жасы елуге таяған өгей әкесі зорлап, кейін өлтіріп тынды. Оралда өгей қызын жалдамалы пәтерге апарып зорлаған ер адам 20 жылға түрмеге қамалды. Петропавлда 3 жасар сәбиін туған анасы ұрып өлтірді.

Еркебұлан ДУЙСЕБОЛАТОВ *(коллаж)*

Балаларға қатысты зорлықтың түр-түрі болатынын ескерсек, қол көтеру де осы санатқа жатады. ЮНИСЕФ-тің мәліметтеріне сүйенсек, жыл сайын әлемде бір миллиардқа жуық бала физикалық, жыныстық не психологиялық зорлыққа ұшырайды. Соның ішінде ең жиі ұшырасатыны – ұрып-соғып, күш қолдану.
Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің және «Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы» компаниясының қолдауымен ЮНИСЕФ-пен бірлесе отырып Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, ересектердің 68 пайызы және балаларды қорғаумен айналысатын мамандардың 67 пайызы кәмелетке толмағандарға жасалатын зорлық-зомбылық Қазақстанда күрделі мәселе болып табылады және жылдан-жылға көбейіп бара жатыр деп санайды.

Жуырда Петропавл қалалық соты үш жасар мүгедек қызын ұрып өлтірген Екатерина Голешованы он жарым жылға бас бостандығынан айырды. Прокурор айыптау парағын оқыған кезде анасымақтың бейкүнә сәбиге көрсеткен құқайынан адамның төбе шашы тік тұрады. Сал ауруына ұшырағандықтан өздігінен жүріп-тұра алмайтын баланы ұрып-соғып, жүруге мәжбүрлеген. Алған соққыдан құлаған қыз бала басымен батареяға, кереуеттің жақтауына соғылып, тісін сындырып, тілін жаралаған. Ауырсынған сәбиге анасы жылауға да рұқсат етпепті. Аяғы қанша ауырса да, тік тұруға мәжбүрлеген. Қыстың қақаған аязында жалаң аяқ далаға шығарып, аяғын үсіткен. Тастанды баласын қолына алған әйелдің 20 шақты күннің ішінде баласына көрсетпегені жоқ. Өзінің айтуынша, соңғы рет қызы аяғын баса алмағандықтан қатты ызаланып ұрғанда, төсектен құлап басы жарылған. Солтүстік Қазақстан облыстық балалар ауруханасының жансақтау бөлімі сәбиді бір айдан астам уақыт бойы емдегенімен, өкінішке қарай, аман алып қалудың сәті түспеді...

Іс материалдарынан белгілі болғанындай, өзі жетімдер үйінде өскен Екатерина сәбиін туа салысымен тастап кеткен. Бейкүнә сәби әкесінің және әжесінің қолында өскен. 3 жасқа келгенде кішкентай Саша сал ауруына ұшырағаны белгілі болып, оған мемлекет тарапынан жәрдемақы төленетінін естіген анасы ақшаға қызығып баланы қолына алған. Алайда оны ана мейіріміне бөлеудің орнына бар ашу-ызасын жазықсыз қызынан алған.

Ресми мәлімет бойынша, әрбір 7 минут сайын әлемде бір бала қайтыс болады. Бала өлімінің басты себептерінің бірі – адам қолынан қаза табу.

БАЛА ӨЗ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУІ ТИІС

Мағжан Жұмабаев ауданындағы Надежка ауылында тұратын 30 жастағы әйелдің 5 жасар қызын бірге тұратын өгей әкесі ұрған. Мұны естіген сәбидің туған әкесі полицияға шағымданған. Сот шешімімен ер адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал анасына қатысты мәселе кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияда қаралып, сот шешімімен қыз бала туған әкесіне тапсырылды.

Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, Айыртау ауданына қарасты Гусаковка ауылында жедел әрекет ету тобы 3 жасар балаға ата-анасы қатыгездік танытқанын анықтаған. Сот-медициналық сараптау нәтижесінде ұлдың денсаулығына зиян келтірілгені белгілі болды. Ерлі-зайыптылар ата-ана құқығынан айырылып, бала аудан орталығы Саумалкөл ауылындағы ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған баспанаға орналастырылды. Оның жолы болды деуге болады. Өйткені заңды өкілдерінен не ата-анасынан зардап шеккен бейкүнә сәбилердің басым бөлігі біраз уақыттан соң қайтадан өз отбасына оралып жатады. Бұл дұрыс емес деп есептейді Петропавл қаласы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияның хатшысы-қала әкімі аппаратының бас маманы, әлеуметтік педагог Елена Завьялова.

«Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кәмелетке толмағандардың көбі маскүнем ата-анасынан зардап шегеді. Мас адам баланы ұрып-соғып, өзін-өзі бақылай алмайды. Кейде көңілді отырыс барысында жанжал туындап, бір-біріне пышақ сұғып алатын немесе терезеден секіретін ерлі-зайыптылар бар. Олар ауруханада жатқан кезде немесе тергеу амалдары барысында балалары уақытша орталыққа орналастырылады да, жағдай тұрақталғаннан кейін немесе сот шешіміне сәйкес өз отбасына қайтарылады. Мұндай отбасыда олардың қауіпсіздігіне кім кепіл бола алады? Ешкім. Осындай ата-анадан олар қандай тәрбие алатыны – бөлек әңгіме. Дегенмен біз, әрине баланың өз отбасында тәрбиеленгенін қалаймыз», – дейді Елена Николаевна.

Қатыгездіктің құрбанына айналған балаларға қамқорлық мұндай жағдайдың қайталануының және оның салдарының алдын алар еді.

Солтүстік Қазақстан облысында қиын жағдайға тап болған балаларға арналған орталық саны – үшеу. Бұған қоса тірі жетім атанғандарға арналған «Балалар ауылы» бар. Бәрінде де орын саны шектеулі. Орталық қызметкерлерінің айтуынша, мұнда келген балалардың тағдыры әркилы. Оларға ортақ бір-ақ нәрсе бар – бәрі де қиын жағдайға тап болғандар. Жоғарыда айтылған зерттеу нәтижесіне сәйкес, ересектердің 65 пайызы балаларды тәртіпке шақыру үшін психологиялық, 39 пайызы физикалық зорлық-зомбылықты қолданады екен. Сауалнамаға қатысқан балалардың 62 пайызы, ал интернат мекемелеріндегі тәрбиеленушілердің 79 пайызы зорлыққа ұшырағанын айтқан.

Елена Завьялова келтірген мәліметке сүйенсек, биыл Петропавл қаласында кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұқпаушылығына қатысты 8 дерек тіркелген.

ТҮП-ТАМЫРЫ – БАЛАЛЫҚ ШАҚТА

Психологтардың айтуынша, балалық шағында ата-анасының мейіріміне қанбай өскен немесе жиі жазаланған балалар өсе келе зорлық-зомбылық жасауға бейім келеді. Ресми деректер бойынша, әрбір бесінші әйел мен әрбір он үшінші ер адам балалық шағында жыныстық зорлыққа, әлемдегі барлық ересектердің ширек бөлігі физикалық зорлыққа ұшыраған. Ал қазіргі балалардың тең жартысы ата-анасы тарапынан қатыгездікке тап болады екен. Соның салдарынан жүйкесі бұзылады. Бұл түрлі ауруларға, тіпті өзіне өзі қол жұмсауға әкеліп соғуы мүмкін.

«Кез-келген қиянат адамның санасында өз ізін қалдырады. Заманауи нейробиологиялық зерттеулер де осыны көрсетіп отыр. Зорлыққа тап болған адамдардың миындағы өзгерістерді көзбен көруге болады. Зорлық-зомбылық салдарынан пайда болған ауытқушылықтарды емдеу үшін көп күш жұмсау керек, кейде психотерапевттің, дәрі-дәрмектің көмегіне жүгінуге тура келеді», – дейді «Көмек» тренинг орталығының жетекшісі, практикалық психолог Ғалия Әкімбекқызы.

Оның пікірінше, айтқанға көнбеген баланы тәрбиелеу мақсатында жұмсақ жерінен шапалақпен ұруға да болмайды. «Мысалы, ересек адам өз жұмысын дұрыс атқармағаны үшін бастығы оны жұдырықтамайды ғой. Ендеше неліктен баланы ұру қалыпты жағдай саналуы тиіс? – дейді ол. – Бала жазадан қорқатыны рас. Бірақ бұл оның дамуына қалай әсер етеді? Қандай пайдасы бар? Мәселеге осы тұрғыдан қараған жөн».

Балаларға қатысты зорлықтың алдын алу үшін көпсалалы тәсіл қажет. Ең алдымен, ата-аналардың өздерін оқытып, тәрбиелейтін мектеп құру қажет. Онда ересектер бала тәрбиелеу дағдыларын меңгеріп, тәжірибе алмасса игі. Ғалия Әкімбекқызының пікірінше, ересектер стреске төзімді болуы, позитивті көзқарасты ұстануы, мәселені сөз арқылы шешуге үйренуі, спортпен шұғылданғаны дұрыс. Сондай-ақ жаман әдеттерден (арақ ішу және т. б) арылып, өз отбасындағы қарым-қатынасты жақсартуға тырысуы, балалармен, жұбайымен бірге өзіне қолжетімді мотивация қойғаны, өзіне-өзі сенімді болғаны ғанибет. Отбасындағы қарым-қатынас жайлы көркем фильмдер қарау, әңгіме тыңдау, кітап оқу да артықтық етпейді.

Психолог Ғалия Әкімбекқызының ойынша, отбасындағы зорлық-зомбылықтың психологиялық тұрғыдан бірнеше себебі бар. Олар: адамның жеке психотипі, стреске төзімді болмауы, агрессивті мінез-құлыққа бейімдігі, бала кезінде қиын психологиялық жағдайдан өтуі (тәрбиенің де мәні бар), заңнан қорықпау, отбасының әлеуметтік жағдайы, ішімдіккұмарлықтан да туындауы мүмкін. «Отбасына зорлық көрсететін адамның психологиялық тұрғыдан жағдайы нашар, ол жағымсыз істерді жасауды қажетсініп тұрады, яғни басқаны төмендету, оған қол жұмсау арқылы ләззат алуы мүмкін. Ал психологиялық тұрғыдан дені сау адамның бойында ондай мінез-құлық жоқ», – дейді психолог.

Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының аға инспекторы Сайран Сәркенов: «Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған заңнама ұдайы жетілдірілуде. Соған қарамастан қылмыстар болып тұрады. Мұндай қылмыстардың алдын алу қиын. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстардың 70 пайызынан астамын балалар сенім білдірген немесе жақын ортадағы адамдар жасайды. Бұл ата-анасы, өгей әкесі, туыстары, көршілері, таныстары болуы мүмкін . Сондықтан қылмыстың алдын алу үшін баланың қоршаған ортасын бақылауды күшейту керек. Бұл бағытта ата-аналар, ювеналды қызметтер мен мектептің бірлескен жұмысы өз нәтижесін бермек», – деген пікірде. Ал кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия хатшысы Елена Завьялова ең алдымен мектептегі әлеуметтік педагогтер тәуекел тобындағы, яғни толық емес отбасы, өгей әкесі бар, ата-анасы түрмеден шыққан отбасы балаларына назар аударуы тиіс деген ойын айтты.

Қорыта айтқанда, балаларға жасалатын зорлықтың алдын алу, тым болмаса азайту үшін адамдардың мінез-құлқын өзгертуге күш жұмсаған абзал. Бұл ретте тиімділігі жоғары наукандар, насихатты арттыруға бағытталған шаралар өткізген жөн. Мамандардың пікіріне құлақ түре отыра, әлеуметтік педагог, денсаулық сақтау, білім беру салалары, полиция қызметкерлері, құқық қорғаушылардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етерліктей оқулар ұйымдастырылса, балабақшадан бастап білім бағдарламасына арнайы тренингтер енгізілсе игі деген қорытындыға келдік.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Құқықтық саясат – серпінді дамудың сындарлы қолдаушысы

Елімізде биылдан бастап заңдарды қабылдауға деген көзқарас өзгерді. Егер бұрын заңдар мемлекеттік орган өкілдерінің шағын шеңберінде ғана дайындалып келген болса, енді олар бастапқы кезеңде-ақ жұртшылықпен, онда да оның әрбір мүдделі нысаналы тобымен кеңінен талқылануы тиіс. Осы мақсатта халықпен арнайы консультациялар өткізуге арналған заң шығару процесінің жаңа кезеңі енгізіліп жатыр. Мұны, әрине бұған дейінгі жүргізіліп келген құқықтық саясаттың заңды жалғасы деп түсіну керек. Өйткені бұл бастама реформалы стратегияның сонау алғашқы кезеңінде-ақ ойда бар болатын.

Нұрлан ҚОСАЙ

ЖАҢА ЗАҢДАРДЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Биыл 12 наурызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Енді заңдарды қабылдаудың болашақтағы тәртібі келесідей төрт кезеңмен жүзеге асырылады. Бірінші – проблеманы анықтау сатысы. Проблеманы әртүрлі жолдармен, оның ішінде азаматтардың өтініштерін қарау қорытындылары бойынша немесе құқықтық әлде қоғамдық мониторинг жүргізу жолымен және тағы да басқа жолдармен анықтауға болады. Екінші – Консультативтік құжатты қалыптастыру және оған анықталған проблемалар бойынша барлық жүргізілген талдауды қосу. Үшінші – жұртшылықпен бірге Консультативтік құжатты талқылау. Оның үш жолы бар: «Ашық НҚА» порталында пікір білдіру, жария тыңдаулар және пікірталастар. Төртінші – мәселелерді шешудің нақты жолдарын анықтау. Яғни, уәкілетті мемлекеттік орган халықпен жүргізілген консультациялардан кейін ғана жеке заң әзірлеудің мақсатқа сай екені туралы шешім қабылдайды.

«Бұған дейін екінші және үшінші кезең болған жоқ. Тұтастай алғанда, заң қоғам мүшелерін заң шығару процесіне тарту тетіктерін жетілдіріп қана қоймай, бірқатар басқа да маңызды мәселелерді шешеді. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардың ақпараттық және түсіндіру жұмыстарына қойылатын талаптарды күшейтеді. Ол үшін әрбір заң жобасына және қабылданған заңға ақпараттық сүйемелдеу бағдарламасы қоса берілетін болады. Бұл бағдарлама азаматтарды алдағы не заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы хабардар ету тәсілдері мен мерзімдерін нақтылайтын іс-шараларды қамтуы тиіс. Ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізуден басқа, жаңа заң мемлекеттік органдарды азаматтарды жаңаша реттеуге дайындау мерзімін белгілеуге міндеттейді. Бұл мерзім – кем дегенде 60 күн», – дейді Әділет вице-министрі Наталья Пан.

Осы заңмен қабылданған заңдардың тиімділігін бағалау да енгізіледі. Яғни, мемлекеттік органдар заңдарды қабылдаудың қатынастары реттелетін салаларына нақты әсерін бағалауды жүргізе бастайды және заңдар қабылданғаннан кейін бес жыл ішінде оларды практикада қабылдау мақсаттарының жетістіктері туралы есеп беруге міндетті болады.

ТҰЖЫРЫМДАМА – ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТТЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛШЕГІ

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Сондықтан да мұндағы үрдістердің тұжырымдамалық деңгейде жүзеге асырылатыны – аксиома. Сондай келелі құжаттың бірі - Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қоғам дамуының түрлі тенденцияларына, саясі-құқық саланың тұғырнамалық элементтерін қалыптастыруға, іргелі идеялар мен жинақталған тәжірибеге негізделген бұл құжат – біртұтас құқықтық саясаттың ажырамас бөлшегі. Бүгінге дейін еліміздегі құқықтық реформалар «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» бойынша бір ізбен жүзеге асырылып келді. 2009 жылғы тамызда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың №858 Жарлығымен бекітілген бұл құжат 5 негізгі бөлімнен тұрған болатын. Мұндағы көзделген мақсаттар мен оларды жүзеге асыру шаралары мемлекеттік дамудың басты мәйегі болып табылатын «Қазақстан – 2050» стратегиясы мен Ұлт Жоспарына толықтай сәйкес келді. Тұжырымдама аясында 2017 жылы Қазақстан Конституциясына Президенттің жекелеген өкілеттіктерін беру арқылы Парламент пен Үкіметтің өкілеттіктерін кеңейту туралы өзгерістер енгізілді, сондай-ақ Президенттікке кандидаттарға қойылар талаптар толықтырылды. Саяси партияларды құру үшін тіркеу кедергілері екі есе қысқартылды. Партиялық сайлау тізімінде әйелдер мен жастардың квотасын 30%-ға жеткізу міндеттелді. «Бейбіт шерулерді ұйымдастыру және өткізу туралы» жаңа заң қабылданды.

Қазір Қазақстан бұл тұжырымдаманы толық орындады деп айтуға болады. Енді өткен онжылдықты түйіндеумен қатар жаңа құжаттың жобасы әзірленіп жатыр. 2030 жылдарға дейін арналған Қазақстанның құқықтық саясат тұжырымдамасы бұл жолы 8 бөлімнен тұрады.

Байлығымыз – жемқорлар жемсауында

Елдің еңсе тіктей алмай, қымбатшылыққа тұтылып, бәйгелерде ұтылып жатқанының өзі негізінен сыбайлас жемқорлықтың салдары да шығар. Ал жалпы, жер көлемі біздің бір-бір облыстың аумағындай ғана Еуропа елдері мен алақандай аралда орналасқан Жапонияның нарқы да, парқы да мықты, халқы да риза. Себебі олар экономикасын көтеруді алдымен жемқорларын ауыздықтаудан бастаған.

Еркеғали БЕЙСЕН

ЕУРОПАДАН ҮЛГІ АЛЫП...

Жер бетінде жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық көрініс таппаған бірде-бір ел жоқ, әрине. Алайда оның зардабын ерте сезген мемлекет басшылары бюджет қаржысын талан-таражға салатын масыл шенеуніктерінен баяғыда-ақ арылған. Осылайша, біз сияқты миллиондарды місе тұтпай, миллиардтарды асайтын ашқарақтарға бай елдерден әлдеқайда ілгері дамып кетті. Сондықтан да қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте халықаралық-құқықтық тәжірибені қолданудың пайдасы зор.

Мысалы, АҚШ заңнамасында пара алғандар үшін оның 3 есе мөлшеріндегі айыппұл немесе 15 жылға дейін түрмеде ұстау, не екеуін бірдей қолданған жағдайда 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сонымен қатар біз сияқты дамушы елдерге Сингапур, Швеция, Германия, Нидерланд, Дания, Финляндия, Канада, Норвегия, Исландия, Жаңа Зеландия, Израиль мемлекеттерін үлгі етуге болады. Олар сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп есептейді.

Атап айтқанда, 1965 жылы тәуелсіздігін алған Сингапурде жемқорлық пен парақорлық өршіп тұрған. Бірақ елді бірнеше жыл басқарған Ли Куан Ю сыбайлас жемқорлықпен күресудің жоспарын әзірлеп, оны іс жүзінде ұтымды пайдалана білді. Алдымен заңдарды қатаңдатып, соттық жүйенің тәуелсіздігін жоғарылатты. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын жеке сектормен теңестіре өсіріп, олардың іс-әрекеттерін регламенттеді. Сөйтіп, қазіргі премьер-министрінің жылдық жалақысы 2,5 миллион доллар болды десек, қалған министрлердікі 1,1 миллион долларға жеткен. Ең бастысы, Ли Куан Ю шағын және орта бизнестің дамуына кедергі болатын түрлі әкімшілік кедергілерді жойды.

Енді шведтік үлгіге келсек, ол ел мемлекеттік құжаттар ашықтығын қамтамасыз етіп, тәуелсіз сот жүйесін құрған. 1923 жылдан бастап кәсіпкерлер қаржыландыратын «Параға қарсы институт» жеке ұйымы жұмыс істейді. Шенеуніктерінің жалақысын 12-15 есе көтеріп тастаған. Қоғамдағы абырой, тазалық кәдімгідей әлеуметтік норма саналады екен.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қатты құлдыраған Германияда 1948 жылы зауыттар жұмыс істей бастады да, неміс маркасы тұрақтанып, дүкен сөрелерінде сапалы тауарлар пайда болды. Бұл ретте Федералдық экономика министрі, кейін канцлер болған Людвич Эрхард орасан зор байлықтың аз ғана адамдардың қолында болуын тежеп, соның нәтижесінде тұрақты орта тап қалыптастырды.

Айналып келгенде, Еуропадағы басқа елдердің мысалы да осыған саяды. Ал шенеуніктері пора-пора пара алудан «жарысатын» бізде өткен 3 жылда қылмыстың залал сомасы 15 миллиард теңгеден асып кеткен.

...АШҚАРАҚТАРДЫ АРТТЫРДЫҚ

Жалпы, Қазақстан – ТМД елдері арасында бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негізгі қағидаларын анықтайтын «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңын қабылдаған мемлекет. Одан кейін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қолданысқа енді. Дегенмен әлемдік сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде біздің ел алғашқы жүздікке кірген емес. Мысалы, былтыр жарияланған Transparency International ұйымының жемқорлық индексінде 180 елдің ішінде 113-орында тұрмыз. Биыл одан да төмен құлдыраған шығармыз. Себебі биылғы жарты жылдағы жұмысын қорытындылаған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 874 тергеу жүргізіп, оның 694-і сотқа жеткенін мәлімдеді. Сондағы дерекке сүйенсек, 101 лауазымды азамат ұсталған. Жыл басынан бері 486 адам сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылса, оның 116-сы – пара алғаны, 211-і – пара бергені, 12-сі – делдалдық, 67-сі – алаяқтық, 33-і – бюджет қаржысын жымқыру, 32-сі қызметін асыра пайдалану ісі үшін сотталған. Осылайша, 114 жемқор қызметкер түрмеге қамалса, 47 адамның бас бостандығы шектеліп отыр. Ал 288 лауазым иесі мемлекетке 1,5 миллиард теңгеден астам айыппұл төлейді. Сондай-ақ 464 адам белгілі бір қызметті атқару құқығынан айырылса, сот 94 адамның арнайы әскери немесе құрметті атағын және мемлекеттік наградасын алып қойды. Қалған бесеуінің мүлкі тәркіленді.

Осы орайда агенттік төрағасы Марат Ахметжанов елде пара берушілердің азаймай тұрғанын алға тартты. «Халықтың құқықтық сауатсыздығы да жоқ емес. Өкінішке қарай, сатып алу жолымен мәселені шешу өмірдің қалыпты жағдайына айналып барады. Қол ақысын немесе сый-сияпат беру халықтың бойына сіңіп кеткен. Тіпті, пара беріп, жеке шаруасын шешкені үшін мақтанатындар да кездеседі. Оның бәрі қылмыс екенін толық түсінбейді. Сондықтан санасезім өзгермесе, қатаң жазалау шаралары да нәтижесін бермейді», – дейді ол.

Ал «2020 жылғы Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық жай-күйінің мониторингі» зерттеуінің нәтижелерін таныстырған Transparency Kazakhstan атқарушы директоры Ольга Шиян: «Азаматтардың пікірінше, көбінесе мәселелерді Жамбыл, Атырау, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарында, ал кәсіпкерлердің пікірлері бойынша Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында, Ақмола, Павлодар, Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Алматы, Батыс Қазақстан облыстарында бейресми жолмен шешуге тура келген», – деп отыр. Оның айтуынша, бейресми әрекеттесудің жарияланған жағдайларының 3/2-сін құрған емханалар мен ауруханалар, полиция, салық және өртке қарсы қызметтер, жер қатынастары және қала құрылысы органдары, ХҚКО, мемлекеттік балабақшалар мен жоғары оқу орындары неғұрлым жемқор мемлекеттік мекемелер болып белгіленген. Осыдан-ақ біздің неліктен жоғарыда аталған елдердің «шаңына ілесе алмай» келе жатқанымыз түсінікті болар...

Шетелден пәтер алғыңыз келе ме?

Қазақстандықтар шетелдік жылжымайтын мүлікке жаппай ақша салып жатыр. Бай қазақтар Сингапур, Ұлыбритания, АҚШ пен Дубай нарығын емін-еркін игеруде. Ал өзгелері, әсіресе әншілер мен блогерлер Испания, Түркия, Грузия, Ресейден қаптатып пәтер алып жатыр. Сөйтіп, олар осы елдердегі баспана бағасының шарықтауына ықпал етіпті. Біз жатжұрттық тұрғын үй нарығынан үлес алған отандастарымыздың пікіріне құлақ түрдік. Неге олар өзіміздің емес, өзге елдің экономикасына инвестиция құюды ұйғарды? Одан не ұтты, неден ұтылды? Жауап іздеп көрелік.

Елдос СЕНБАЙ

«АНА КАПИТАЛЫН» АЛЫП, РЕСЕЙЛІК БАСПАНАҒА САЛДЫ

Ұлттық банк дерегінше, жеке тұлғаларымыз 2021 жылғы 5 ай ішінде шетелге 349 миллиард теңге ақша аударды. Биыл шетел асқан қаржы көлемі 2020 жылғы бес айға қарағанда бірден 57,3%-ға өсіп шыға келді. Салыстыру үшін айтсақ, осыдан бес жыл бұрын, 2016 жылғы 5 айда сыртқа кеткен сома небәрі 125,9 миллиард теңге болған. Биылғы – тарихи рекорд. Сарапшылардың байламынша, жыл қорытындысында көрсеткіш 1,5 триллион теңгеге жетуі мүмкін. Яғни, Қазақстан бюджетінің тура оннан бір бөлігіне тең қазына шетелге кетпек.

Оның үстіне бұл – тек Золотая Корона, Western Union, Contact, Money Gram секілді «ақша аудару жүйелері» арқылы сыртқа аққан ақша ағыны. Мұның сыртында қаншама адам кеденде декларациялап, бума-бума қаржыны өзімен бірге шетелге алып кеткені белгісіз.

Осы аударылған жүздеген миллиард қаржының бәрі болмаса да, үлкен бөлігі жылжымайтын мүлікке салынатыны жасырын емес. Нәтижесінде, республикамыздан ең көп қаражат алған мемлекеттер арасында Түркия көш бастады. Ресей де одан қалысатын емес.

Осы орайда сәл ілгері озып, азаматтарымыздың солтүстік көрші нарығына неге ден қойғанына тоқтала кетсек. Мәскеудегі біраз коммерциялық мүлік, қымбат баспана мен сәнді дүкендер қазір қазақстандықтардың, негізінен шымкенттіктердің иелігінде екені белгілі. Бірақ Ресейдің өзге өңірлерінде де тұрғын үй сатып алып жатқандар жетерлік. Оның басым бөлігін Ресей азаматтығын алған немесе жақын арада соны жоспарлап отырған отандастарымыз құрайды. Соның бірі Т.Әбденов отбасымен бірге біраз жыл бұрын «ресейлік» атанып, Қарағандыдан Новосібірге көшкен екен. Жұбайы да қазақ.

«Азаматтықты ауыстыруымызға және Ресейге көшуімізге «ана капиталына» қол жеткізу мақсаты түртті болды. Қазақстанда ондай жоғын білеміз. 453 мың рубль алдық (бұл шамамен 2,5 миллион теңге). Оны ипотекаға жұмсадық. Сонда үш бөлмелі кең пәтерді 2,7 миллион рубльге алғанбыз. Бүгінде қалада қазақстандықтар көп, олар жергілікті бағаларды көтеріп жіберді. Біздікіндей үй қазір 6-7 миллион рубльге дейін барады. Болашақта балаларды алып, елге қайту ойда бар. Мына үйді сатсақ, біраз табысқа кенелеміз. Әрі Қазақстанға оралман, қандас мәртебесінде қайтып, біраз жеңілдік аламыз ба деген ойдамыз» деп күледі ол. Әрине, «ана капиталы» тұрғын үйдің құнын толық өтемейтіні мәлім. Тиісінше, отандастарымыз Ресейдегі баспананы сатып алу үшін Қазақстаннан апарған миллиондарын құяды. Осы арқылы санкциядан сансыраған көршінің экономикасын жандандырып отыр.

Жалпы, биыл бес айда жеке тұлғалар (оның ішінде, еңбек мигранттары да бар) Түркияға – 77,7 млрд теңге, Ресейге – 76,2 млрд теңге, Грузияға – 6,2 млрд теңге, алыс шетелге 14,2 млрд теңге аударған.

ҚАЗАҚТАРҒА ТҮРКИЯ НЕСІМЕН ТАРТЫМДЫ?

Қазақстандықтар үшін Түркияның тұрғын үй нарығы – ең тартымдысы. Ондаған жылжымайтын мүлік агенттігі түрік елінен үй іздеген азаматтарымызға қызмет етеді. Тіпті, ертеректе бұл елден пәтер сатып алып, тәжірибе жинаған қазақстандықтар да осы істе делдал болып, табыс табуда. Соның бірі Қайрат төл компаниясын құрып, Аланияда орналасқан Konak тұрғын үй кешеніндегі пәтерлерді Қазақстан азаматтарына өткізуге үлес қосып, кіріс көріп жүр.

Қазақстандықтарды Түркияда салықтың төмендігі, коммуналдық төлемнің аздығы, тұрғын үйдегі эксплуатациялық шығындар мен мақсатты алымдардың арзандығы қызықтырады. Мысалы, Испаниядағы үйлерін, виллаларын сатып, түрік еліне бет бұрған азаматтарымыз баршылық. Себебі Испанияда тұрғын үй арзан болғанымен (кең сарайдай коттедж-виллалардың бағасы 95-130 мың еуродан басталады), коммуналдық шығындар аса қымбат.

Оның үстіне Түркияда жылжымайтын мүлік сатып алған өзге елдің азаматына «шетелдіктің тұру ықтиярхаты» (ВНЖ) беріледі, сол арқылы шетелдік Түркияда жыл бойы еркін жүріп-тұра алады.

Бұған қоса, түріктің курортты қалалары жыл он екі ай бойы күні күлімдейтін қолайлы ауа райымен, жылы климатымен, жайлы да жағымды жағажайымен, іргеде толқыған теңізімен тартымды. Тағы бір артықшылығы, егер шетелдіктер Түркияда жаңа баспана сатып алса, ол үшін мемлекетке салықты құрылыс компаниясы төлейді екен. Клиент-инвестор ондай ауыртпалықтан босатылады.

«Қазақстанда, елордада өткен жыл бойы 30 миллион теңгеге жақсы пәтер іздедім, шыны керек нарықта ұсынылғандары ұнамады. BI Group, Bazis-A, Sensata Group және басқасының тұрғын үй кешендерін араладым. Бір-бірімен келісіп алған ба дерсіз, бәрінің пәтеріндегі бөлмелер сопақша сипатта болып келеді. Құрылысшылардың контейнерінде отырғандай сезінесің. Осы арқылы бір қабатқа мейлінше көп бөлме мен пәтерді сығылыстыра сығызатын секілді. Содан Анкарада оқитын ұлым пәтерді Түркиядан алуды ұсынды. Солай жасадым. Әлдеқайда арзанға, 50 мың еуроға жақсы пәтер таптық. Жылжымайтын мүлік агенттігінің өкілі тұрғын үй құрылысы аяқталған соң оны екі есе қымбатқа сата алатынымды айтты. Мұнша пайданы тіпті биткоин де бермейді», – дейді шағын кәсіпкер Аслан Белгібай.

Жалпы, қазақстандықтардың көбі шетелдік баспанасын қосымша табыс табу көзі ретінде қарастырады. Пәтерлерін жалға береді. Дәл осы мақсатта азаматтарымыз Қара теңіз жағалауындағы ең танымал курорттың бірі – грузиялық Батумиде және ел астанасы Тбилисиде жылжымайтын мүлік сатып алуда. Батуми жыл сайын жағалаудағы «апарт-отельдерде» жарты миллиондай шаршы метрді шетелдіктерге сатады. Риэлтор Маратты айтуынша, Батумиді көбіне, егде тартқан қазақстандықтар бейнетінің зейнетін көру үшін таңдайды: оларды жаңа жайлы субтропиктік табиғат, жергілікті жұрттың орыс тілін білуі, өмір сүрудің арзанға түсетіні, азық-түлік және тіршілікке қажетті өнімдер бағасының төмендігі және Кеңес кезінен таныс мәдени орта қызықтыратын көрінеді.

Батумиде құрылыс қарқыны артып барады. Туристік трафиктің өсуі нәтижесінде жаңа нысандар салынуда. Шетелдіктер тарапынан сұраныс та жоғары. Дегенмен риэлторлардың мәліметінше, Батумиде пәтерді котлован кезінде алып, дайын кезде сатудан көп кіріс көремін деп үміттену қиын. Мұнда негізгі табыс аспанға мойынсұнған заңғар, заманауи тұрғын үй кешендерін жалға беруден түседі деседі. Түсімі айына шамамен 750 еуро және одан жоғары. Пәтерлердің бағасы орта есеппен 27-29 мың доллардан басталады.

АЛАНИЯДА АЛТЫНАЙ ЖОРАБАЕВАНЫҢ КӨРШІСІМІН

«Қазақстан тұрғындары, әсіресе Аланияда пәтерді көп сатып алады. Мысалы, Konak кешеніндегі пәтерлердің көбін қазақстандықтар иеленді. Бұл үйлердің артықшылығы неде? Адамдар үйден шыға сала, эстакада жол арқылы бірден теңіз жағажайына жаяу жетеді. Тіпті, ешқайда шықпай, үй ішінде тыныңуға болады. Тұрғындар айына 160 еуро ғана төлейді де, кешендегі бүкіл инфрақұрылымды емін-еркін пайдалана алады. Оған не кіреді? SPA-орталық, жабық бассейндер, фитнесс-залдар, хамам, шағын кинотеатр – бәрі сол сомаға кіреді. Барлық пәтер толық абаттандырылған және жиһаздалған», – дейді риэлтор Қайрат.

Оның айтуынша, премиум-сыныптағы бұл үй 2021 жылғы 31 желтоқсанда ресми іске қосылады. Бірақ пәтерлер сатылып біткен, тіпті тұрғындар тұрып жатыр. Олардың көпшілігі әлгінде айтылғандай, қазақстандықтар (Қайраттың айтуынша, негізінен алматылықтар).

Ондағы баспананың құны 135 мың еуродан басталады, яғни шамамен 65 миллион теңгедей. Бұл – «1+1» форматтағы пәтерлер (бізше 2 бөлмелі баспана: жатын бөлме, зал, асүй). Ал жапсарлас салынған виллалар 330 мың еуро тұрады. Салыстыру үшін айтсақ, теңіз жағасында емес, елордадағы «Нұржол» бульварында орналасқан Ray Residence тұрғын үй кешенінде 70 шаршы метрлік 2 бөлмелі пәтер 60-65 миллион теңгеге түседі. 3 бөлмелісі 95 миллионнан жоғары. Осынша қаржысы бар адамдар курортты Аланияны немесе Батумиді және олардағы Sea View әсем көріністі баспананы таңдайды.

Бұлардың курортты аймақтарында әлдеқайда арзан пәтерлер де бар.

«Түркияда кез келген отбасылық бюджет үшін баспана таңдап алуға болады. Мен де өзіме керегін таптым, екі тұрғын үй нысанын таңдадым. Оның бірі – Lord Residence. Екіншісі – Orman парк аймағында. Екеуі де инфрақұрылымның толық кешенімен жабдықталған: ойын аймағы, хамам, сауна, релакс-аймақ, бассейндер, тұзды бөлме және басқасы бар. Пәтерлер таза әрленген күйде табысталады. Құрылыс аяқталғанша пайызсыз бөліп төлеу мүмкіндігі беріледі. Іргесінде теңіз бен парк аймағы тиіп тұр. «Терезелерден тікелей теңізге көрініс кепілдендіріледі», – деді компания өкілі. Сыртта болашақ көршім Алтынай Жорабаеваны кездестірдім. Алтынай пентхаусты сатып алыпты» деп хабарлады белгілі блогер Нұрлан Алимходжаев.

Оның мәліметінше, Orman паркіндегі нысанда 1+1 форматындағы пәтердің құны 49 мың (24,6 млн теңге), ал Lord-та 62 мың еуродан (31 млн теңге) басталады. Келесі жылы тұрғын үй іске қосылатын уақытта баға 20-30 мың еуроға және одан жоғарыға көтерілмек.

Сонымен бірге шетелде тұрудан көңілі қалғандар да жеткілікті. Себебі біріншіден, Испания, Түркия секілді курортты, жылы климатты елдерде тұрғын үйлер жылыту жүйесімен жабдықтала бермейді. Тіпті, ыстық судың өзі үй төбесінде күннен қызатын алып бөшкеден беріледі. Содан ауа райы күрт суыса, жұрт үйінде отырып, жаурайды. Ыстық сусыз қалады. Екіншіден, шетелде тұрғын үйлердің қабырғалары жұқа болып келеді, көршінің, көшенің шуынан қорғамайды. Отандастарымыздың бірі айтқандай, мысалы түріктер қонақ келсе, түнде ән айтуға құмар, сонда дәл бір көршінің босағасында отырғандай сезінесіз, думанды ақырына дейін тыңдауға мәжбүр боласыз.

Үшіншіден, барлық әлемде сұранысқа ие, аса керек мамандық иесі болмаса, былайғы келімсектердің Еуроодақта, Түркияда, Грузияда және басқасында жұмыс табуы қиын. Біздің дипломды олар мойындамайды. Ендеше шетелде өмір сүру үшін азаматтың Қазақстанда тұрақты табыс көзі болғаны жөн. Мұндай өмір, әсіресе блогерлер, IT мамандары секілді қашықтан жұмыс істей алатын адамдарға жарайды.

Негізі, қазақстандық құрылыс компаниялары қазақстандықтардың қаражаты үшін халықаралық нарықтағы бәсекеде ұтылуда. Егер қымбат пәтер сатып алуға қабілетті азаматтарымыз шетелдік жылжымайтын мүлік нарығына жаппай бет бұрса, бәлкім клиент таппаған біздің салушылар заңғар үйлеріндегі бағасын аспаннан жерге түсірер ме еді?!

Індет жас талғамай тұр

Әдетте «балалар мен жасөспірімдер ағзасы ауруға төзімді» деген тәрізді пікірді көп естиміз. Әйткенмен дәл коронавирус жайына келгенде бұл сөздің де қауесет екенін аңғардық. Себебі елімізде індет жұқтырған балалар мыңдап саналады. Ауыр халде жатқандары да жетерлік. Көз жұмғандар және бар. Ал науқас бүлдіршіндердің саны артпаса, кемитін емес. Не істемек керек? Мұндайда ойға вакцина егу оралады. Әлемге кең таралмаса да, балаларға екпе салуды дағдыға айналдырған елдер баршылық. Яғни, Қазақстанға да осы мәселені көтерер кез келген секілді.

Мадияр ТӨЛЕУ

ҰРПАҚҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі коронавирусқа шалдыққан балаларға қатысты деректі жариялады. Сырқаттанып жатқан жасөспірімдердің барын құлағымыз шалғанымен, саны көп болар деп күтпеген едік. 23 шілдедегі жағдай бойынша, Қазақстанда жыл басынан бері 34 мың балаға коронавирус жұққан екен. Ең назар салары, 2 бала COVID-тен қайтыс болған. Оның бірі – 1 жастағы сәби. Қазір стационарда 558 бала емделіп жатқан көрінеді. Төртеуінің жағдайы ауыр. Арасында 13 жаңа туған нәресте бар. Ал сала мамандары жыл басынан бері коронавирус жұққан балалардың тым көбейгені байқалғанын айтады. Соңғы айларда тіпті 4-5 есе артқан.

Жалпы, бұл мәселеге кезігіп отырған елдер сияқты Қазақстан да шешу жолдарын қарастыра бастаған. Бұған дейін Қазақстанда 12 жастан бастап балаларға коронавирусқа қарсы Pfizer вакцинасы салынуы мүмкін екені хабарланған еді. Қазір тек ересектер екпе салдыра алатыны белгілі. Бірақ Денсаулық сақтау министрлігі балаларға қанша уақытта вакцина салып үлгеретінін нақты айта алмады. Себебі балаға екпе ерікті түрде, тек ата-анасының келісімімен ғана салынбақ. Айтпақшы, ведомство өкілдері «ата-аналардың жиі хабарласып, баласына вакцина салдырғысы келетінін» жеткізіп отыр. Алайда елімізде балаларға арналған коронавирусқа қарсы вакцина жоқ. Оның үстіне балаларды коронавирусқа қарсы вакциналауға қатысты ресми құжат қабылданбады. Ал індетке шалдыққан балалар көбейе берсе, оның залалын сөзбен айтып жеткізе алмасымыз анық. Бір сөзбен айтқанда, ұрпаққа төнген қауіп болады. Шағын дәйек келтірсек, ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 12 мен 18 жас аралығында 2 миллион бала бар. Бұл бүкіл халықтың 11 пайызға жуығы.

ЕКПЕДЕН ҚОРҚУҒА НЕГІЗ БАР МА?

Алдымен бір жайды ескере кеткеніміз жөн. Кез келген ата-ана бауыр еті баласы үшін алаңдайтыны сөзсіз. Яғни, вакцинаның қауіпсіздігіне сенім артса да, алаңдары анық. Дегенмен екпеге күмән келтіріп жүргенде, індеттің жағадан ала кетуі мүмкін екені тағы бар. Ал мұндай мәселеде қайшылыққа толы дүниелер көп екенін медицина мамандары да айтып отыр.

– Бұл тұста жүкті әйелдер мен бала емізетін әйелдер де вакцинаны әзірге салдыра алмай жүргенін айтқан дұрыс. Бұл сұрақтың жауабы әлі де зерттеліп жатыр. Негізінде «ана сүтінде антиденелер анықталды» деген ақпарат бар. Дегенмен қауіпсіздік мақсатында әзірге екпе салынбайды. Айтпақшы, жүкті әйелдер екпе салдырғаннан кейін олардың жаңадан туған балаларында да антидене пайда болған екен. Логикалық тұрғыда жоғарыдағы жағдайға ұқсас. Бірақ әзірге балаларға бүкіл елде вакцина егілмей жатыр. Балаларды қандай да бір зерттеуге қатыстыру қиын. Себебі олар өз әрекеттері үшін жауап бере алмайды, сол сияқты вакцина алуға да толыққанды келісім бере алмайды. Менің білуімше, Pfizer өз вакцинасын 12 жасқа дейінгі балаларда сынап жатыр. Бірақ біржақты пікір айтуға әлі ерте, – дейді медицина ғылымдарының докторы, Medsupport.kz компаниясының жетекшісі Ботагөз Кәукенова.

Негізі, әлемде балаларға еш вакцина сыналған жоқ. Әуелде медицина мамандары «балалар инфекцияны әлдеқайда жеңіл өткереді және жұқтырған жағдайда оларға айтарлықтай қауіпті емес» деп санаған еді. Сондықтан бастапқыда балалар клиникалық зерттеуге қатыстырылған жоқ. Жалпы, балаларды қандай да бір зерттеуге таруға болмайды. Себебі бүлдіршін өзіне не істеп жатқанын толық түсінбей, қиналуы мүмкін. Дегенмен жасөспірімдерге де бір екпенің қажет екені айқын болды. Көптеген елде індет жұқтырған бала тым артып кеткен. Осы тұста Pfizer компаниясы 12-16 жастағы жасөспірімдерге арналған алғашқы вакцина күзде, ал одан да кіші балаларға арналған екпе жылдың соңына дейін тіркеледі деп мәлім еткен-ді. Ал еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқаулығына сай, азаматтарымызға егіліп жатқан «Спутник V» және QazCovid-In екпесі 18 жасқа толмаған балаларға және 65 жастан асқан қарттарға салынбауы тиіс. Өйткені бұл топтағы адамдарға екпе қалай әсер ететіні толық зерттелмеген.

Енді балаларға вакцина егуді бастап, соның нәтижесін көре бастаған елдерді шола кетсек. Еуроодақ 12 жасар балалар мен одан асқандарға коронавирусқа қарсы BioNTech/Pfizer вакцинасын салдыра алады деп шешім қабылдаған. Еурокомиссия биыл 31 мамырда жасөспірімдерге вакцина салуды мақұлдаған болатын. Ізін ала Еуропаның дәрі-дәрмек жөніндегі агенттігі аталған топқа екпе егуді қостады. Осылай бұл Одаққа мүше елдер енді жасөсіпірімдер арасында вакциналау ауқымын кеңейтіп жатыр. Еуроодақ бұл әрекеті арқылы АҚШ пен Канададан кейін коронавирусқа қарсы вакцинаны 16 жасқа жетпегендерге салуды бастаған жұрт болып танылды.

Ал халқының 80 пайызынан астамы вакцинаның екі компонентін де қабылдаған Израильді айтпау кетуге болмас. Қазір бұл ел тағы да BioNTech/Pfizer бөлек, «Модерна» компаниясымен де келісімшартқа отырып жатыр. Осы арқылы Израиль коронавируспен күресте өзгелерге үлгі болатындай көшбасшы мемлекетке айналмақшы. Одан бұрын Израильде ақпанның соңында жасы 16-дан асқандарға екпе қабылдауға рұқсат берілген еді. Өйткені сарапшылар балаларға екпе салынбаса, ұжымдық иммунитет мүлде қалыптаспайтынын жиі айтқан.

Қытай елі болса 3 пен 17 жас аралығындағы балалар үшін вакцинаның қауіпсіздігін дәлелдеп үлгерді. Елдің Хэбэй провинциясында коронавирус індеті өршіп кеткен кезде 3 жастан асқан 60 мың жеткіншекке екпе салынған екен. Сонда вакцина тиімділігі мен қауіпсіздігін көрсеткен. Яғни, ешбір бала екпеден кейін жағдайы нашарлап, медициналық көмекке зәру болмаған. Алайда Қытайда балаларды вакциналаудың нақты жоспарын денсаулық сақтау министрлігі енді құрмақ.

ТҮЙІН:

Әрине, балалар мен жасөспірімдерге коронавирусқа қарсы вакцина егу қажет деп біржақты айтуға болмайды. Үлкендер карантин талабын сақтап, вакцинаны толық алса балаларға қауіп төнбес еді. Дегенмен ересектерді вакциналау ісіндегі шабандық балаларға да вакцина егуге мәжбүр етуі мүмкін. Алайда балаларға егуге болатын Pfizer вакцинасы әлі келмегенін ескерсек, бұл мәселе қоғамда қарсылық тудыруы мүмкін. Ал Pfizer вакцинасының жеткізілуі де көп уақытты алатынға ұқсайды. Ал оған дейін дерт жұқтырған мындаған баланың халі не болары белгісіз. Амандығын тілеп, қол қусырып отыруға болмайтынын жауапты министрлік ескерсе жөн.

Құрылыс нысандары неге мерзімінде бітпейді?

(Басы 1-бетте)

Саятхан САТЫЛҒАН

Тұрғындар талай жылдан бері сұрап келе жатқан «Шалғай Қарасу» алқабындағы мектеп құрылысы да мәз емес. Осы таңға дейін алқап оқушылары облыс орталығына қатынып оқып келсе, биыл жаңа мектептің табалдырығын аттаймыз деп үміттенген. Алайда жобалық құны 2 миллиард теңге 600 орындық мектеп құрылысының жартысы ғана аяқталып отыр. Мердігер «ТемірСтройСервис» серіктестігінің басшысы құрылысты дер кезінде аяқтаймыз деп ант су ішкенімен, білім нысанына қарапайым электр желісі де жүргізілмеген.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ТОҚТАП ТҰР

Негізі, құрылыс саласында нысандардың мерзімінен кешіктірілуінен бөлек те мәселе шаш етектен. Жобалардың сапасыз дайындалуы, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің дұрыс жүргізілмеуі, нәтижесінде конкурс жеңімпаздарының анықталмауы сынды түйткілдерден көз сүрінеді. Тарқатып айтсақ, Тараз қаласы Қант зауыты аймағындағы №2 мектептің құрылысы жосықсыз мердігердің кесірінен 2 айдан бері тоқтап тұр. Аталған нысан шілде айында пайдалануға берілуі керек болатын. Алайда шілде түгілі қыркүйекте де қолданысқа берілмейтіні анық.

Бұдан бөлек, жобалауда кеткен кемшіліктердің салдарынан үш мектептің сметалық құны қайта есептеліп жатыр. Олар Жамбыл ауданы Айша бибі ауылындағы 300 орындық мектеп, Шу қаласындағы Ы.Алтынсарин және Қордай ауданындағы Арал мектептері.

Жобалаушылардың қателігінен Байзақ ауданындағы Шахан және Сеңкібай ауылдарындағы мектептердің де құрылысынан ақау шыққан. Жобалау кезінде екі қабаттық нысанға лифт орнату жоспарланған. Алайда ай-күннің аманында екі қабатты ғимаратқа лифт орнатамыз деу ақылға сыймай отыр. Соның кесірінен құрылыс жұмыстары тағы кешеуілдеді.

Былтырдан бері жыры бітпей келе жатқан Қордай ауданы Күнбатыс-2 алқабындағы мектеп құрылысы да биыл аяқталатын түрі жоқ. Естеріңізде болса, Күнбатыс-2 алқабындағы мектеп құрылысына жауапты болған «Шұғыла-2002» ЖШС-на өткен жылы құрылысты сапасыз жүргізгені үшін 1,2 миллион теңге айыппұл салынған болатын. Алайда бұл серіктестік басшысы Сұлтан Битеміровтың шекесіне тимеген секілді. Себебі Сұлтан Бөрлібайұлы биыл да құрылысты сағызша созып отыр.

Тағы бір мәселе – Тараз қаласында құрылысы басталып кеткен 5 несиелік, 3 жалдамалы тұрғын үйдің мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне шағым түсуіне байланысты құрылыс жұмыстары тоқтап қалған. Ал Тараз қаласы мен Жуалы, Байзақ аудандарында 22 үйдің құрылыс мердігерлері әлі күнге анықталмай отыр.

КІНӘНІ КІМНЕН ІЗДЕЙМІЗ?

Жалпы, құрылыс саласындағы жүйесіз жұмысқа кімді кінәлаймыз? Жергілікті билік бар мәселені мердігерлерге қарай сырғытса, серіктестіктердің де айтар өз уәжі бар. Олардың сөзіне сүйенсек, әлемдік пандемия жағдайында құрылыс материалдары қымбаттап кетіпті. Соның салдарынан 40 миллион теңге болған нысанды мердігер 80 миллион теңгеге салуға мәжбүр. Ал бұл серіктестіктерді қарызға белшесінен батырып отыр. «ТаразҚұрылысИнвест» ЖШС-ның Мектептен тыс жұмыс және балалар шығармашылығы орталығының құрылысына қажетті плиталарды ала алмауына, құрылысты дер кезінде аяқтамауына осы қаржылық қиындық себеп болып отыр. Тараз қаласы мен Жуалы, Байзақ аудандарында 22 үйдің құрылыс мердігерлерінің әлі күнге анықталмауы да осыған байланысты. Серіктестіктер өз құнын ақтамайтын жобаларға конкурсқа түсуге ниетті емес. Өйткені жыл басында 50 миллион теңге деп жоспарланған жобалар бүгінде екі есе шығынды қажет етеді. Сондықтан мердігерлер тендер алғанша, тыныш отырғанымыз артық деген ұстанымда. Мұны аудан әкімдері де мойындап отыр. Мәселен, Жуалы ауданындағы тұрғын үй құрылысына осымен екінші рет конкурс жарияланса да, құрылыс жүргізуге бірде-бір серіктестік құлық танытпады.

Бұл мәселені жуырда құрылысшылар Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевқа да жеткізген болатын. Алайда аймақ басшысы: «Сіздерді конкурсқа түс деп ешкім қинаған жоқ. Жауапкершіліктеріңізге алдыңыздар ма, аяқтайсыздар. Ал жаңа құрылыс нысандарына қосымша қаржы тауып беремін деп айта алмаймын. Үкіметке сұраныс жолдаймыз. Бірақ шешіле ме, шешілмей ме белгісіз. Бірақ жыл басында бекітілген қаржы игерілуі керек», – деп қысқа ғана қайырған. Демек, биыл әркім өз қотырын өзі қасиды деген сөз. Ал жаңа құрылыс нысандарына сол бойы мердігер табылмаса, онда қайтпекпіз?

Жамбыл облысы

Атырауда деструктивті діни ағым өкілдерінің адамдарды бопсалауы, есірткі сату мен атыс қаруын заңсыз сақтау оқиғалары жұртшылықты елең еткізді. Бұрын асыл дінімізге қайшы келетін оқулықтарды насихаттаумен құзырлы органдар құрығына ілігетін олардың бүгінде ештеңеден қорықпайтыны үрей туғызып тұр.

Деструктивті діни ағым өкілдерінің қылмысы

Тұрсын ЖҰМАБЕККҚЫЗЫ

Жуырда Атырауда қоғам назарын аударған оқиға болды. Құзырлы орган қызметкерлері «зорладың» деген айып тағамын» деп шымкенттік жігіттен екі миллион теңге ақша бопсалаған 21 жастағы әйел адамды ұстады.

Оқиға бірнеше рет қайталанған. Алғашында оның екі миллион теңгесін алып, кейін одан 1 540 000 теңге сомасында тағы да ақша талап еткен.

Амалы қалмаған 18 жастағы жігіт полицияға хабарласып, мән-жайды түсіндіріп, көмек сұраған. Айтуынша, әйел оны «зорлау» фактісі бойынша үстіңнен іс қозғатамын деп қорқытып келген. Алайда жас жігіт жыныстық қатынас екі жақты келісіммен болды деп ақталған. Екеуі, тіпті бір қызметте әріптес болған. Ол өзін бопсалау жолымен ақша талап етіп жүрген әйелді жақсы танысым, тіпті тұрғылықты мекені Шымкент қаласына алып барып, ата-анаммен таныстырдым дейді.

Атырау облысы Полиция департаментінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы жедел іс-шара кезінде күдіктіні Шымкенттік азаматтан 500 мың теңге көлемінде қорқытып ақша алып жатқан кезінде ұстады.

Тексеру кезінде әйелдің деструктивті діни ағым өкілі екені анықталды. Қазір 2000 жылы туған қала тұрғынына қатысты Қылмыстық кодекстің 194-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Сондай-ақ әйелдің бопсалау қылмысы бойынша басқа да фактілерге қатысы тексеріліп жатыр.

Сайып келгенде, деструктивті діни ағым өкілдерінің Атырау өңірінде көптігі жергілікті жұртшылықты ғана емес, сырттан келген халыққа да таңсық емес. Алайда олардың көптігі іштей үрей тудырады. Себебі құзырлы органдар олардың қоғамға қауіптілігін айғақтайтын деректермен жиі қамауға алып жатыр. Айталық, рұқсат етілмеген діни оқулықтарды өңірге қаптап әкеліп, оң мен солын танымай жүрген, өзгенің айтқанына еріп кететін жастардың санасын улағандар, қаруды заңсыз сақтағандар жайлы дерек жетеді. Мәселен, жуырда Атырау полицейлері атыс қаруын заңсыз сақтаған деструктивті діни ағым өкілін қамауға алды. Ол Атырау облысы Құрманғазы ауданының тұрғыны еді.

Бұл ақпарат «Қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында расталды. 42 жастағы ер адам тұратын үйді тінту кезінде одан 1 дана ойық ұңғылы қару, 1 дана 5,6 мм калибрлі патрон табылып, тәркіленді. Тексеру барысында аталған тұлғаның бұрын да сотты болғаны анықталды.

Қазір күдіктіге қатысты Қылмыстық кодекстің 287-бабы 3-бөлігімен тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Заңсыз қару сақтаған ер адам уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Адамға жала жауып бопсалаған, қаруланып жүрген деструктивті діни ағым мүшелерінің есірткі саудасында да қолтаңбалары барын білдік.

«Карасора-2021» жедел алдын алу іс-шарасы аясында Атырау облысы Полиция департаменті Экстремизмге қарсы іс-қимыл және Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Атырау қаласы аумағында Орал қаласынан келіп синтетикалық есірткі сатпақ болған 1998 және 1999 жылы туған екі күдіктіні ұстады.

Ұсталған сәтте күдіктілерден синтетикалық есірткі бар зип пакеттеріне оралған 46 түйір табылды. Олардың жалға алған пәтерінен екі пакетке оралған синтетикалық есірткі мен 100 дана дайын бетбелгі тәркіленді. Нәтижесінде, жалпы сомасы 24 млн теңгеге жуық синтетикалық есірткінің 2 400 бір реттік дозасы заңсыз айналымға жіберілмеді.

Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 297-бабы 3-бөлігі бойынша тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Қазір күдіктілер соттың санкциясымен Атырау қаласының тергеу изоляторында қамауда отыр.

Атырау облыстық Полиция департаментінің деструктивті діни ағым мүшелеріне қатысты тергеу амалдары мұнымен біте қоймайтын сияқты. Өйткені олардың түрлі қылмысқа қатысы бар екені жиі айтылатын болып жүр. Ал біз бірқатарын әрі соңғы кездерде ғана белгілі болғандарын сөз еттік.

Атырау облысы

Біреуді қыршын қиса, біреуді зар илетті...

«Қылмыс азайды» дейді құқық қорғаушылар. Дегенмен күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желіден жаға ұстатарлық оқиғаларды оқи-оқи, адам да еті үйреніп кете ме әлде күйбең тіршілік ойлануға мұрша бермей ме, әйтеуір, «е-е» дейміз де қоя салатын жағдайға жеттік. Бұрын біреудің бақшасына түскенді жапатармағай ортаға салып жатсақ, қазір адам өлімі болса да, назар аудармайтын болдық. Ал қылмыс «жасарып» барады. Кеше ғана Теміртауда үкілеп өсірген баласынан туғандары айырылып қалды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

АТАЛАТСАҢ АТАЛАТ, БОТАЛАТПА...

Ата-бабамыз «Аталатсаң аталат, боталата көрме» деген. Адам үшін бауыр еті баласынан айырылудан асқан қайғы жоқ. 24 шілдеде ескі қалалық полиция бөлімінің кезекші бөліміне «Теміртаудағы қалалық балалар ауруханасында 12 жастағы қала тұрғыны қайтыс болды» деген хабарлама келіп түседі. Полицейлер анықтағандай, зардап шеккен бала қала үйлерінің бірінің ауласында 13 жастағы баламен ұрысып қалған. Жанжалдың соңы төбелеске ұласып, әлгі бала жарақат алған. Қайтыс болған бала басынан соққы алып, оқиға орнында есінен танып қалған. Артынша жасөспірімнің сол күйінде есін жимағаны туралы ақпарат тарады. Елді дүрліктірген оқиға жайында баланың әкесі Вадим Сумкин: «Ұлымның жүрегіне осы уақытқа дейін бес рет ота жасалды, ол кардиостимулятордың көмегімен өмір сүріп келді», – дейді.

Арманда кеткен жасөспірім бағдарламашы болғысы келген. Алайда бір ғана соққы оның қиялын өмірімен қоса үзді... «Балалар бастапқыда доп теуіп ойнаған екен. Одан кейін ұлым өзара төбелесіп кеткен балаларды ажырата бастаған. Оның жүрегі ауырады, жарымжан еді. Бес отадан өткен. Бұл туралы аула балалары түгелдей білетін», – дейді қара жамылған әке.

«Оқиға Қылмыстық кодекстің 104-бабы бойынша тіркелді. Тиісті сараптамалар тағайындалды, сотқа дейінгі тергеу жүріп жатыр», – деді Қарағанды облыстық Полиция департаменті Тергеу басқармасының бастығы Рустам Құлкеев.

Сонымен қатар өз баласын ұрлау фактісі де тіркелді...

КҮН ЖАРЫҚТА ЖОҒАЛДЫ...

Күн жарықта шешесі мен қызы жоғалып кетті. Бұл оқиға Қарағанды облысының Балқаш қаласында тіркелді. Анасы мен қызын ұрлау жайлы хабарлама Балқаш полиция бөліміне 67 жастағы жергілікті тұрғыннан келіп түсті. Қоңырау шалған ер адам қызы жұмыстан шығып, балабақшаға баласын алып кетуге кеткенін, үйге оралмағанын айтып хабарласқан. Әйел мен қыздың жоғалып кетуіне байланысты тергеуді арнайы жедел-тергеу тобы бастады. Хабарлама келіп түскен соң полицейлер бірнеше болжамды нұсқаны пысықтап, адам ұрлығын бұрынғы күйеуі жасауы мүмкін екенін ескерген. Балабақша қызметкерлері куәлік бергеннен кейін осы нұсқаның растығы анықталды. Куәгерлердің айтуынша, әйел мен баланы көлікке күштеп отырғызып, белгісіз бағытқа қарай кеткен. Осы оқиғадан біраз бұрын ерлі-зайыптының ажырасқаны және әйелдің Қарағандыдан Балқаштағы туыстарына көшіп кеткені анықталды. Алайда экс-отағасы бұл шешімге келіспей, қызын жиі көру үшін осындай амалға барған.

Бұл туралы Балқаш қаласынан хабарлама алғаннан кейін Қарағанды облысы ПД Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері күдіктінің болуы мүмкін барлық орындарды қараған. Әйел мен баланы облыс орталығындағы жер үйлердің бірінен тапты. Күдікті де бірден қолға түсті. Отбасын күштеп Қарағандыға қайтаруға оқталған азамат мұндай мәселелер азаматтық-құқықтық қатынастар аясында сотта шешілуі мүмкін екенін ескермегенін айтты. Ал оның үстінен Қылмыстық кодекстің 126-бабы «бас бостандығынан заңсыз айыру» бойынша қылмыстық іс қозғады. Тергеу басталды. Баптың санкциясына сәйкес, ер адам бес жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Көшеде оқ ататындар да шықты...

ТАЛТҮСТЕ ҚАРУ АЛЫП ШЫҚТЫ...

Теміртауда тәртіп сақшылары көршісімен жанжал барысында үйінен мылтық алып шығып, оқ атқан ер адамды ұстады. Бұл жайт 8 мамырда болды. Ел Жеңіс күнін тойлайын деп жатса, теміртаулық азамат көшеге мылтық алып шығып екі рет аспанға оқ атты. Отшашу жасау үшін емес, өзінің мықтылығын осылай көрсетпек болса керек. Теміртау қаласы ПБ Криминалдық полиция қызметкерлері оқ қаруын қолданып, бұзақылық жасағаны үшін 32 жастағы қала тұрғынын ұстады. «Күдікті өз кінәсін мойындады. Armsan маркалы тегіс ұңғылы мылтық тәркіленді. Тиісті сараптамалар тағайындалды», – деп хабарлады Қарағанды облысы ПД баспасөз қызметі. 8 мамыр күні сағат 20.42 шамасында Теміртау қаласында 8 шағын аудандағы аулалардың бірінде көмелетке толмаған екі бала арасында жанжал болды. Балаларды ажырату үшін үйлерінен әкелері шыққан. Алайда жағдайды анықтау барысында балалардың бірінің 43 жастағы әкесі 32 жастағы қарсыласын бетінен ұрған. Содан кейін соңғысы үйінен мылтық алып шығып, екі рет ауаға оқ атып, қашып кеткен.

Бұл бірінші де соңғы оқиға емес, жақында қару ұстап көшеде маңғаз басып жүрген азамат ұсталды. 25 маусымда Қарағанды қаласының ПБ патрульдік полиция полкінің қызметкерлері 33 жастағы жігіттің көлігінен қару тапты. Көлікті тексеру кезінде полицейлер травматикалық және пневматикалық екі тапанша, тегіс ұңғылы аңшы мылтығының 50 патроны және аңшы пышағын тапты. Қылмыстық кодекстің 287-бабы (Қаруды, оқдәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз иемдену, беру, сату, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру) бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

«Мылтығы жоғы не істейді? Әрине, пышақ ала жүгіреді». Осындай заман басталғандай. Өйткені көшедегі жаға жыртыстың көбі осы суық қарудың қатысуымен өтетіні дабыл қақтырарлық.

ПЫШАҚПЕН ДЕ ЖҮР КӨШЕДЕ...

Қарағанды қаласының тұрғыны Михайловкадағы «Стекляшка» аялдамасында автобус күтіп тұрған баласына мас екі ер адам жақындағанын жазды. Олар өздерін әдепсіз ұстап, жандарынан өтіп бара жатқан адамдарды балағаттаған. 16 жастағы Темірлан олардан тыныштық сақтауды өтінген кезде ер адамдар бұған назар аударып, «Сен кімсің? Біздің кім екенімізді білесің бе?» деген сөздермен баланы қорқыта бастайды.

«Олар өздерін «беделді авторитеттер» деп атаған сәтте ұлым ешкімді білмейтінін айтты. Содан кейін төбелес басталды. Өтіп жатқан адамдар болса оларды ажыратып алуға батылдары бармады!», – деп ренішін білдірді Темірланның анасы Айсұлу Матаева.

Тәртіп сақшылары «оқиға барысында ешкім айтарлықтай жарақат алған жоқ» дейді. Алайда Айсұлу Матаева төбелес кезінде ұлының үш жеріне пышақ тигені туралы айтты. Бірінші соққы – басына, екіншісі кеудеге, үшіншісі қолына тиіпті.

Оқиғаны видеоға түсіріп үлгерген куәгер кадр сыртында біреудің «пышағыңды лақтыр» деп айқайлағанын естіген.

«Осыдан кейін менің балам ауруханаға жеткізіліп, жарақаттанған қолының етін тіктірді», – деп жазды баланың анасы Instagram-да.

«Күдіктілер анықталып, қамауға алынды. Қазір тиісті сараптамалар тағайындалып, іс бойынша барлық мән-жайды анықтау үшін тергеу шаралары жүргізіліп жатыр», – деп түсіндірді Қарағанды қалалық полиция қызметкерлері.

Ал 3 маусым күні кешке Қарағанды облысы Жезқазған қаласындағы ауруханалардың біріне пышақталған 14 жасар мектеп оқушысы түсті. Абырой болғанда көмелеттік жасқа толмаған азаматтың жағдайы жақсы болғандықтан ауруханаға жатқызылмаған. Жәбірленуші оқиға кешке үйінің жанында болғанын айтқан. Оның қасына белгісіз бір азамат келіп, кенеттен пышақ жұмсап, қашып кеткен. Жәбірленуші оны бұрын көрмеген және білмейтінін айтқан. Учаскелік полиция инспекторының сауатты жүргізілген жедел әрекеттерінің арқасында ізін суытпай осы іске қатысы бар деген күдікпен 20 жастағы азамат ұсталды. Жауап алу барысында күдікті қыздармен ешқашан тіл табысып, жараса алмағандықтан олардан өш алуды ойластырғанын айтқан. Сондықтан да қолына пышақ алып, көшеде алғашқы кезіккен қыздарға пышақ саламын деп шыққан. Қазір аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 293-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүргізіліп жатыр.

Түйін.

Расымен де, қылмыс азаяр емес. Ол неден туындайды? Кім кінәлі? Ойланып көрдік пе? Әрине, бірден жауап беру қиын. Бәлкім, қоғам, заман айыпты дейтін шығармыз. Әйтеуір, әдеттегідей сырғытпа жауап беруіміз мүмкін. Ал айналадағы оқиғаларға немқұрайды қарауды көбейтіп, тәрбиеге көңіл бөлуді азайтып алғанымызды сирек айтамыз. Кім біледі, қылмыстың көбеюінің тамыры отбасы, ошақ қасында жатқан шығар...

Қарағанды облысы

Чиншанло – тағы да жүлдегер

Токио Олимпиадасында ауыр атлетикадан әйелдер арасында 55 келіге дейінгі салмақта жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Қазақстандық Зүлфия Чиншанло қола медаль жеңіп алды.

Қазақстандық спортшы қоссайыс қорытындысы бойынша 213 келіні бағындырды. Ол жұлқа көтеруде 90, серпе көтеруде 123 келіні көтерді. Осылайша, Токио Олимпиадасына аттанған екі зілтеміршіміз де қола медаль тағынды.

Ал бірінші орынды серпе мен жалпы есепте Олимпиада рекордын жаңартқан филиппин Хидилин Диас (97+127 = 224), күмісті қытай қызы Ляо Цююнь (97+126 = 223) алды. Бір қызығы, Токиодағы дүбірлі додада филиппиндік Диас өз еліне тарихи Олимпиада алтынын сыйлады. Бұл ел бұрын-соңды Олимпиадада алтын алмаған.

Зүлфия жұлқа да бір, серпе де бір рет көтерді, қалғандарын қателігі үшін төрешілер есепке алмады, біреуінде өзі шықпады. Басты қарсыласы өзбек қызы Муаттар Набиева (жұлқа 98 келі көтеріп, Олимпиада рекордын жаңартса, серпе 114 келі көтерді) жалпы 212 келі көтеріп, төртінші орын алды.

Осылайша, Олимпиаданың үшінші күнінде үшінші қола бұйырды. Бұған дейін дзюдодан 60 келіге дейін салмақта Елдос Сметов, ауыр атлетикадан ерлер арасында 61 келіге дейін салмақта бақ сынаған Игорь Сон тұғырдың үшінші сатысынан көрінген.

Әбілмансұр ЖАСАН

«Мерген» фестивальға қатысады

Режиссер-дебютант Райымбек Әлжановтың «Мерген» атты қысқаметражды фильмі жанрлық киноларға арналған халықаралық Fantasia кинофестиваліне қатысады. Бұл туралы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» хабарлады.

Фильмнің оқиғасы XVII ғасырдағы Ұлы даладағы соғыс кезінде өрбиді. Аталған фильмде жас та болса қолына қару алып, отбасын қорғауға бел буған Мерген есімді баланың өмірі баяндалады.

Фильмдегі басты рөлді Әлихан Әби сомдайды. Сондай-ақ бұл картинаға Райхан Айтқожанова және Дулыға Ақмолда секілді танымал актерлер түскен. Фильмнің түсіру жұмыстары Алматы облысындағы Түрген шатқалында және «Қазақфильмнің» павильондарында жүргізілді.

– «Мерген» фильмінің алғашқы көрсетілімі Fantasia кинофестивалінде өтетініне қуаныштымыз. Монтаждау жұмыстары аяқтала салысымен фильмді осы байқауға жібердік. Осы орайда маған қолдау білдіріп, фильмнің шығуына атсалысқан барлық түсіру тобына ерекше алғысымды білдіремін, – деді режиссер Райымбек Әлжанов.

Fantasia халықаралық кинофестивалі биыл 25-рет өткізіледі. Бұған дейін онда Квентин Тарантино түсірген «Беславные ублюдки», Тимур Бекмамбетовтің «Ночной дозор», сондай-ақ «Пункт назначения» франшизасының бір бөлімінің тұсауы кесілген болатын.

Айта кетсек, фестивальдің Radical spirit атты қысқаметражды фильмдерге арналған байқауына қазақстандық кинотуындымен бірге Ұлыбритания, Мексика, Аустралия, АҚШ, Қытай және Оңтүстік Кореяның туындылары қатысады.

Байқау 5-25 тамызда Канадада өтеді. Кинотуындыны Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша «Ұлттық киноны қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» түсірген.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Қазір қоржынымызда үш қола

Көптен бері көңілді алаңдатқан Токио Олимпиадасы басталып та кетті. Жұма күні жергілікті уақыт 20.00-де XXXII жазғы Олимпиада ойындары салтанатты жағдайда ашылды. Әлемнің спорт саңлақтары қатарында Қазақстан құрамасы 41-ші болып өткен кезде елімізден барған санаулы ғана делегат пен журналистер қол бұлғап тұрды. 206 мемлекеттің 6 000 атлеті қатысқан шеруде Қазақстан Туын боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакова ұстап шықты. Биылғы Олимпиаданың бір ерекшелігі – әрбір мемлекеттің туын ұстап шығу мәртебесі екі спортшыға жүктелді.

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (сканер)

Олимпиада ойындарының ашылуынан соң, «Ханшайым» деп атаған Ольга Рыпаковаға жапон фанаттары бірнеше аниме жасап та үлгерді. Қоржынында Олимпиаданың барлық жүлдесі бар жерлесіміз төртінші Олимпиадада ұлттық нақыштағы әдемі жасалған көйлегімен де ерекше көзге түсті. Ақпарат құралдарында қазақтың ұлттық нақыштағы киімі жапон ғана емес, Шығыс Азия елдерінің жүрегін жаулағаны айтылуда.

Олимпиаданың ашылу салтанаты басталуына жарым сағаттай қалғанда стадионның маңайына

жиналған 10 мыңдаған адам Олимпиаданың өтуіне қарсы акцияны бастап кетті. Волонтерлердің айтуы бойынша, Олимпиаданың өтуіне халықтың 70-80 пайызы қарсы. «Олимпиада өтпесін!», «Олимпиадаға жұмсаған қаржыны коронавируспен ауырғандарға берсін!» деп айтылып жатты.

Ұлттық олимпиадалық стадиондағы өткен іс-шараға арнайы шақырылған қонақтар қатарында Жапония императоры Нарухито, Франция президенті Эммануэль Макрон, Монако князі Альбер II, АҚШ бірінші ханымы Джилл Байден, тағы басқа мәртебелі қонақтар, ХОК және Ұлттық олимпиада комитеттерінің 1 000-ға жуық делегациясы отырды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ МЕДАЛІ

Олимпиадада дзюдодан 60 келі салмақта сынға түскен Елдос Сметов Олимпиаданың алғашқы күні Қазақстан қоржынына алғашқы медальді салып берді. Жарыстың алғашқы екі белдесуінде Елдос түркиялық Михрач Аккуш пен оңтүстіккореялық спортшы Ким Вон Джинді «иппон» әдісімен жеңіп, жартылай финалға шықты. Жартылай финалда жерлесіміз жапондық Наохиса Такатоға сәл ғана басымдықпен жеңіліп қалды. Елдосты сәл ғана басымдықпен жеңген Наохиса Такато финалда Тайван спортшы Юн-Вэй Янды аса қиналмай жеңіп, Олимпиада чемпионы атанды. Ал кіші финалда Нидерланд өкілі Торние Цакаджоеге қарсы шыққан Сметов қосымша уақытта «ваззари» ұпайымен басым түсіп, қола медаль иеленді.

Теннистен Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина алғашқы айналымда аустралиялық Саманта Стосурмен кездесіп, 6:4, 6:2 есебімен жеңіске жетсе, ерлер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бубликке жеребе жолдас болмады. Бірден әлемнің екінші ракеткасы ресейлік Даниил Медведевке қарсы шыққан Бублик 4:6, 6:7 есебімен қарсыласына жол берді. Сондай-ақ көп қазақтың үміті Зарина Диас та Олимпиаданы ерте аяқтады.

100 метрге брасс әдісімен жүзуден сынға түскен Дмитрий Баландин жартылай финалға өте алған жоқ. Бесінші топта жарысқан Дмитрий 59,75 секундты көрсетіп, алтыншы орын алды. Анастасия Лаврова үстел теннисінен бірінші кездесуде-ақ испаниялық Мария Сяоға 4:1 жеңіліп қалды.

Спорттық гимнастикадан жалғыз өзі жеті жолдама жеңіп алған Милад Карими іріктеу сынында үш жаттығу бойынша финалға өтті. Ол гимнастикалық кермедегі жаттығу бойынша іріктеуде 14.766 ұпай жинап, екінші нәтиже көрсетті. Дзюдодан Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Галбадрах Отгонцэцэг алғашқы айналымда ұтылып қалды. 48 келі салмақ дәрежесінде белдескен ол бірінші кезеңде қытайлық Ли Яньнан жеңіліс тапты. Ал Алексей Луценко бастаған Қазақстан велошабандоздары артқан үмітті ақтамады. Қазақстандықтар сапынан ең жоғары нәтижені Алексей Луценко тіркеді. Есесіне, боксшы Серік Теміржанов алғашқы жекпе-жегінде жеңіске жетті. 57 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен жерлесіміз венгриялық Роланд Галошты 5:0 есебімен жеңді.

25 ШІЛДЕ – ҚОРЖЫНДА ТАҒЫ БІР ҚОЛА БАР

25 шілде күні Қазақстан қоржыны тағы бір қола медальмен толықты. Зілтемірші **Игорь Сон** Олимпиаданың қола жүлдегері атанды. Қазақстандық зілтемірші 61 келіге дейін салмақта сынға түсті. Игорь жұлқа көтеруде 131 келіні бағындырса, серпе көтеруде 163 келіні еңсерді. Бұл күні 66 келіге дейінгі салмақта сынға түскен дзюдошымыз Ерлан Серікжанов әзербайжандық Орхан Сафаровтан басым түсіп, жарысты сәтті бастады. Алайда отандасымыз екінші айналымда Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Еуропа чемпионы Мануэль Ломбардодан айласын асыра алмады.

Нысана көздеуден **Юрий Юрков** Олимпиаданың іріктеу кезеңінен өте алған жоқ. 10 метрге винтовкамен нысана көздеуден сынға түскен Юрков 36-орыннан көрінді. Слаломды есуден іріктеу кезеңі аяқталып, қазақстандық Александр Куликов жартылай финалға жолдама ады. Іріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша 108.12 көрсеткішімен 15-орынға тұрақтаған Куликов жартылай финалға өткен 15 спортшының қатарына енді. Үстел теннисінен ерлер арасындағы бәсеке түскен Кирилл Герасименко екінші айналымнан сәтті өтті. Қазақстан командасының үздігі чехиялық Любомир Янчаржикпен кездесіп, 4:2 есебімен жеңіске жетті.

Теннистен сынға түсіп жатқан **Михаил Кукушкин** бірінші кезеңде аргентиналық Федерико Кориямен кездесіп, 7:6, 7:5 есебімен жеңіске жетті. Ал медаль алады-ау деген тағы бір үмітіміз Юлия Путинцева мен Ярослава Шведова неге екені белгісіз, жарысты жалғастырудан бас тартты. Бірінші айналымда аргентиналық Надия Подороскамен кортқа шыққан Путинцева алғашқы сетте қарсыласына 6:7 есебімен жол берді. Ал екінші сетте Марко Фихерадан (15-7) басым түскенімен, келесі айналымда ол жапониялық Ямада Масарудан 8:15 есебімен жеңіліс тапты.

Токио татамиінде 73 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Жансай Смағұлов екінші кезеңде арениялық Фердинанд Карапетянды жеңді. Белдесудің негізгі уақыты тең аяқталып, қосымша уақытта Жансай «ваззари» ұпайын еншіледі. Ал үшінші айналымда жерлесіміз канадалық Артур Маргелидонға есесі кетті.

Қазақстандық теннисші **Елена Рыбакина** екінші айналымда Швеция өкілі Ребекка Петерсонмен кездесіп, екі сетке созылған матчта 6:2, 6:3 есебімен жеңіске жетті. Ал Олимпиадаға стенд атудан Әсем Орынбай мен Зоя Кравченко бастаған мергендер келесі кезеңге өте алмады. Бес раундтан тұратын «Скит» жаттығуы бойынша сында жерлестеріміз үздік алты спортшының қатарынан көріне алмады.

Садақ атудан Қазақстан ерлер құрамасы командалық сайыста Үндістан құрамасына қарсы шығып, қарсыластарына 2:6 есебімен есе жіберді. Командалық бәсекеде ел құрама сапынан жарыс жолына Сандар Мұсаев, Ильфат Абдуллин және Денис Ганкин шықты. Айта кетерлігі, аталған спортшылар жекелей сайыс бойынша жарысты жалғастырады.

3:1 есебімен алда келе жатып, жарысты жалғастырудан бас тартты. Ал Шведова болса хорват Айла Томляновичтен оза алмады. Бірінші партияда 5:7 есебімен жеңілген жерлесіміз екінші сетте 2:3 есебімен жеңіліп жатып, жарысты ары қарай жалғастырудан бас тартты.

100 метрге шалқалай жүзуден сайысқа түскен **Диана Назарова** өз тобында ең соңғы болып қалып қойды. Сондай-ақ бокстан 63 келі салмақта жұдырықтастан Зәкір Сафиуллин алғашқы айналымда Перу өкілі Леодан Пезо Сабояны 5:0 есебімен ұтып, Токио Олимпиадасының 1/8 айналымына жолдама алды. Су добынан Қазақстан құрамасы Хорватия құрамасына 7:23 есебімен жеңілді. Шпагамен семсерлесуден Руслан Құрбанов алғашқы айналымда италиялық

Слаломды есуден жартылай финал қорытындысы бойынша Александр Куликов 12-орынды иеленді. Финалға өту үшін алғашқы ондыққа ену керек еді. Әйелдер арасындағы бәсекеде Екатерина Смирнова іріктеу кезеңінен өте алған жоқ. Үстел теннисінен Қазақстан командасының үздігі Кирилл Герасименко Токиодағы екінші айналымда германиялық Тим Боллменден кездесіп, 1:4 есебімен жеңіліс тапты.

Кеше кешке бокстан 52 келі салмақта Сәкен Бибосынов ринг төріне көтерілсе, ауыр атлет Зүлфия Чиншанло 55 келі салмақта сынға түсті.

Ерке ЕРҚОҢЫР,
арнайы Aigyn газеті үшін Токиодан

NUR MEDIA AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3966
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор — Рая МІНАП